

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 196 (9514) || 1954 жылғы 2 октябрь Сенбі || Шығуына 35 жыл, жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ОКтябрь МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЖАРЫС: Б. Омарова — Жүкті көп тасу үшін. А. Безденежных. — Петропавл-Марьевка жол құрылысында (1-бет).  
Халықтық демократия елдерінде (1-бет).  
СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).  
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: И. Григорьев. — Партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмыс жақсартылсын. Б. Иванов. — Озат тәжірибені насихаттау (2-бет).  
Қытай халық республикасына бес жыл (2-бет).  
Мао Цзе-дунның Совет Одағы Үкмет делегациясын қабылдауы (2-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ: Д. Грауберг. — Бригаданың табысы (2-бет).  
МАЛҒА ЖЫЛЫ ҚОРА, МОЛ АЗЫҚ ӨЗІРЛЕНСІН: Ж. Сейтбеков. — Маңызды іске мән бермеушіліктің салдары. А. Пуртов. — Біздің мал қыстатуға әзірлігіміз (3-бет).  
Б. Жақыпов. — Полудень ауданында (3-бет).  
К. Насетина. — Оқу тәрбие жұмыстарын жақсарту береміз (3-бет).  
Н. Куловский. — Картоп пен овощ дақылдары — малға құнарлы азық (3-бет).  
Шетел хабарлары (4-бет).

## Мемлекетке астық сатып алуды тыңғылықты ұйымдастырайық

Астық дайындау жөнінде біртұтас жалпы мемлекеттік жоспардың негізгі бір бөлігі — астық сатып алу болып табылады. Демек, бұл елімізде дайындалатын жалпы астықтың көлемді мөлшеріне жатады. Олай болса, елімізде астық молшылығын жасау жүресінде қолда бар астықты мемлекеттік сауда орындарына ұйымдасқан түрде сатудың зор маңызы бар.

Мемлекетке астық сатудың саяси және шаруашылық маңызына осы тұрғыдан қарап, оны жете түсінген облысымыздың бірқатар қолхоздары, колхозшылары және механизаторлары жергілікті сауда орындарына өздерінің артық астықтарын ұйымдасқан түрде сатуда. Мұның өзі олардың мемлекет мүддесін, жалпы халық мүддесін бәрінен де жоғары санайтындығын көрсетеді.

Үстіміздегі жылы егінді бітік өсіріп, оны дерезінде, ырапын жыйнап алған қолхоздардың бірі — Қоныхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозы. Бұл колхоз мемлекетке міндетті астық тапсыру жоспарын мерзімінде орындап шықты. МТС жұмысы үшін төленерін заттай ақыны көзінде төлеп, толық есең айырысты. Алдағы жылы егіске қажетті тұқымды жеткілікті мөлшерде күйіп алды. Сөйтіп, артық астығынан көзінді өзінде жергілікті сауда орындарына 30 мың пұттай астық сатты.

Бұл сатылған астықтан қолхоз мыңдаған сом пайда тапты. Қолхоз басқармасы ел қаржыға қолхозға, қорамдық шаруашылыққа қажетті материалдар сатып алуды ұйғарып отыр. Сонымен бірге артық астықты сатудан түскен қаржыдан колхозшылардың еңбекқұнына де көп ақша бөліп бермек. Міне, жұмысты жақсы ұйымдастырған жерде, егіншілік мәдениетін арттырып, оған тұрақты, мол өнім алға жетіскен жерде істің жайы осындай.

Жергілікті сауда орындарына астық сатуды ұйымдылықпен бастап, оны күннен күнге өрстетіп келе жатқан қолхоздардың қатарына Совет ауданындағы «Красное поле», Петропавл ауданындағы «Луч Ленина», Ворошилов атындағы қолхоздарды да қосуға болады. Бұл қолхоздар сауда орындарына күн сайын жүзеге келіп астық сатуда. «Красное поле» колхозы көзінді өзінде 6 мың пұттай астық

механизаторларға тиімді болғандықтан, ешқандай басшылықты күтпей-ақ бұл жұмыс өздігінен жүре береді деп ойлайды. Мұндай пікір дайындау министрлігінің Мамлют ауданындағы мекемесі қызметкерлерінде, әсіресе, сол мекеменің басшысы Нежевых жолдастың өзінде бар. Осындай себеппен бұл ауданның колхоздарында мемлекетке астық сату ісі өте нашар жүргізіліп отыр. Осы ауданның Буденный атындағы, Қағанович атындағы және басқа көп колхоздарында астық ырабы аз емес. Қырмандағы астық тазартылмастан жатыр. Оларда мемлекетке міндетті астық тапсыру, МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу жұмыстарымен бірге артық астықты сауда орындарына сатудың барысы да мейлінше баяу болып келеді.

Дайындау министрлігінің бірқатар аудандық мекемелері, олардың басшылары мемлекетке астық сату жөнінде өздерінің барлық жұмыстарын қолхоздарда шарт жасауды ұйымдастырумен ғана бітіріп отыр. Олар бұдан әрі жұмыс жүргізбей, енді астықтың сауда орындарына келіп түсуін күтуде. Осындай өрескел кемшіліктер, әсіресе, Преснов, Ленин, Октябрь аудандарының дайындау мекемелерінде орын алған. Бұл жағдайды дайындау министрлігінің облыстық басқармасы, оның бастығы Махначев жолдас та жақсы біледі. Бірақ, Махначев жолдас бұл кемшіліктерді жою жөнінде ешбір шара қолдана алмай келеді. Бұл фактілерге тезіне болмайды.

Мемлекетке астық сатудың табысты жүргізілуі көп жағдайларда кооперативтік сауда орындарының жұмысына да байланысты. Бұл орындардың қызметкерлері қолхоздардың, колхозшылардың, механизаторлардың және басқалардың артық астығын сатып алуды дұрыс ұйымдастырумен қатар, астық сатушылардың сатқан астығына қарама-қарсы сатылатын товарларды, материалдарды жеткілікті мөлшерде дайындауға тиіс. Мұның өзі астық иемденушілердің материалдық ынтылығын арттырады.

Сауда қызметкерлерінің жұмысты нашар істеуінен шарт бойынша сатқан астығына алуға тиіс товарларын, материалдарын ала алмай жүрген қолхоздар, жеке адамдар жоқ емес. Сондықтан бұл облыс-

## Октябрь мерекесі қарсаңындағы жарыс Жүкті көп тасу үшін

Петропавл паровоз депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Октябрь революциясының 37 жылдығы құрметіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Ауыр жүк тиелген поезды алып жүруші машинист Николай Барбасов ерекше көзге түсіп жүр. Барбасов жолдастың жоспардан тыс тасыған жүгінің мөлшері көзінді 14890 тоннаға жетті.

Сол сияқты, коммунист Н. Локонев жолдас паровоз бригадасының мүшелерін еңбек өнімділігін арттыруға жұмылдыра отырып, ауыр жүк тиелген 39 поезды жүргізді. Локонев жолдас жоспардан тыс 12950 тонна жүк тасыды.

Таңдаулы паровозшылар 28 сентябрь күні ауыр жүк тиелген 57 поезд алып өтіп, жоспардан тыс мыңдаған тонна жүк тасуға жетісті.

Мәселен, жас паровозшы П. Толегов Петропавлда Макушинге шыққан сапарында жоспардан тыс 1200 тонна жүк алып өтіп, локомотивтің қуатын ойдайдай пайдалана білетіндігін көрсетті. Сол сияқты, паровозшы П. Вишняков жолдас Макушин мен Петропавл аралығында локомотивтің техникалық жылдамдығын арттыру арқылы жоспардан тыс 1750 тонна жүк әкеліп, алған міндеттемесін абыроймен орындады.

Октябрь мерекесінің қарсаңындағы жарыс кең өріс алып, ауыр жүк тиелген поездары алып жүруші машинистердің саны барған сайын көбейде. Солардың бірі — машинист П. Москалев жолдас. Ол сентябрь айының ішінде ауыр жүк тиелген 10 поезд алып жүрді де, жоспардан тыс 4500 тонна жүк тасыды.

Б. ОМАРОВА.

## Петропавл—Марьевка жол құрылысында

Петропавл мен Марьевка арасындағы жолдың облыс шаруашылығы үшін елеулі маңызы бар. Өйткені, бұл жол облысымыздың Ленин, Преснов, Октябрь аудандарын қамтыйды. Бұл жолдың бойымен күн сайын жүретін астық пен товарлар таситын машиналардың саны бірнеше жүзге жетеді. Міне осы себепті Петропавл—Марьевка жол құрылысын тез арада аяқтау және оны пайдалануға беру — жол

## Облыс аудандарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы I октябрьдегі мәлімет (Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Мемлекетке астық тапсыру	Иыналған қар-топ	Зябь-жырту	Қурадік ету	Дайындалған пішен	Сүрленген шөп	Маианған сабан
Булаев	79,1	16,6	55,2	18,0	46,3	93,9	7,9
Қоныхов	77,6	31,8	38,5	35,3	38,7	86,6	31,0
Петропавл	68,8	26,5	39,9	78,4	42,5	36,6	25,5
Полудень	66,8	10,8	25,1	79,7	32,2	61,1	13,5
Совет	63,7	35,9	33,6	13,6	46,8	29,8	21,7
Соколов	60,6	10,6	22,0	74,3	35,1	50,8	9,4
Мамлют	52,3	8,8	22,8	28,3	39,7	31,8	24,2
Приешім	47,7	31,7	46,6	42,1	49,0	28,4	22,1
Октябрь	40,0	29,2	57,0	84,4	58,2	45,9	17,0
Ленин	39,8	37,4	40,1	35,9	63,9	45,1	10,4
Преснов	37,1	46,9	52,6	77,0	51,4	41,9	26,8

Астық тапсыру жоспарын орындау — мемлекет алдындағы бірінші парыз. Сондықтан барлық күш-мүмкіншілік астық дайындауды жақынды жүргізуге жұмылдырылуы керек. Алайда, облыс аудандарында астық дайындау өте мөте қана қалғанға дейін жүргізіліп келеді. Бұл алдымен аудан партия, совет ұйымдары басшыларының кінәсі. Олар мемлекетке астық тапсыруды алғашқы күндерден тыңғылықты ұйымдастыра алмады. Мұның өзі астық ысырабына жол берілуіне, сөйтіп, астық дайындаудың бескүндік тапсырмалары орындалмай келуіне негізгі себеп болып отыр.

Жағдай, әсіресе, Преснов ауданының колхоздарында өте мөте нашар. Шынында бұл ауданның колхоздарында әлі күнге дейін мыңдаған центнер астық тазартылмай қырманда жатыр. Бұл астықты тазарту, сөйтіп, дайындау пункттеріне жөнелту ісін колхоз басшылары ұйымдастырмай келеді. Аудандық партия комитетінің секретары Долженко, аудандық Совет аткомінің председатели Макаров жолдасар мұндай керіна басшыларға қатаң жаза қолдана білулері керек еді. Алайда, бұл аталған басшылардың өздері астық дайындауда орыс алғашқы кемшіліктерді бүркөмелеу мақсатымен «қолхоздарда мемлекетке тапсыруға астық жоқ» деген пікірде жүр.

Мемлекетке астықты көптеп тапсыруға негізгі бір жол — қолхоздар жол

жұмыстары үшін заттай ақы төлеу талғ жұмысын әлде қашан орындап шықты. Бұл колхоздардың қырмандарында және қоймаларында әлі күнге дейін мыңдаған центнер астық жатыр. Бұл астықты тезінен тазарту, сөйтіп, оны мемлекеттік сауда орындарына жөнелту жұмыстарының қарқыны мүлде нашар болып отыр. Ал, колхозшылардың мемлекетке астық сатуы осы уақытқа дейін мүлде ұйымдастырылған жоқ. Міндет — әрбір колхоздың және совхоздың астық дайындауға күнбе-күн қатысып отыруын қамтамасыз ету, сонымен қатар, мемлекетке астықтың көптеп сатылуына жетісу болып саналады.

Быйыл көктемгі егіс жұмыстары облыстың көп колхоздарында ұзаққа созылды. Мұның өзі егін шығымдылығының жақсы болуына кері әсерін тигізді де. Бұл пар мен зябьтің өткен жылы аз дайындалғандығының салдары. Бұл кемшілікті болдырмау үшін әрбір колхозда, совхозда зябь жыртуды үлгілі жүргізу керек. Аял қанша, Соколов ауданының басшылары бұл талапты күні осы уақытқа дейін орындай алмай келеді. Оған колхоздарда зябь жырту жоспарының небары 22 проценттей ғана орындалуы толық дәлел. Егер тракторлар зябь жыртуға күні-түні бірдей қатыстырылған болса, онда осы уақытқа дейін жоспардың кем дегенде теңжартысы орындалар еді.

## Халықтық демократия елдерінде Советтің озат еңбек әдістері Польшаның кәсіпорындарында

ВАРШАВА, 30 сентябрь. (СОТА). Польшаның 60 мыңнан астам машина жасаушылары мен тоқыманшылары совет өнеркәсібі озаттарының еңбек әдістерін мейгерті және станоктарды тоқтаусыз пайдалануға жетісті.

Шикізаттар мен материалдарды көмшекесті түрде үнемдеу жолындағы күрес кең көлем алды. Осы әдісті өнеркәсіпке кеңінен қолданудың нәтижесінде елдің солтүстік аудандарындағы мақта-мата кәсіпорындары өнімнің өзіндік құнын кеміту жолында күресе отырып, үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдық жоспарын 126 процент орындады.

Радомек аяқкіім фабрикасының жұмысшылары төрт ай ішінде 22155 пар аяқкіім жасауға жететін материалдар үнемдеді.

Колесовтың кескішінің көмегімен металл жылдам кесу әдісі де кеңінен қолданылуда. Бұл әдісті өндірісте кеңінен қолдану «Урсус» трактор заводының токарларына еңбек өнімділігін бірнеше есе арттыруға мүмкіншілік берді.

Кен өнеркәсібінде жұмыстың циклы әдіспен істеу кең өріс алған.

## Батыс Германия еңбекшілерінің делегациялары ГДР-да болуда

БЕРЛИН, 30 сентябрь. (СОТА). Батыс және Шығыс Германиядағы немістердің өзара жақындауын болдырмау мақсатымен Бонн өкімет орындарының жасап отырған кедергілеріне қарамастан, Батыс Германияның еңбекшілері Герман Демократиялық Республикасының өміріне, олардың бейбіт құрылыс саласындағы және еңбекшілердің тұрмыс жағдайларын жақсартуға табыстарына зор кеңі аударуда. Неміс демократиялық баспасөздерінің хабар еткеніндей, тек сентябрь айында Герман Демократиялық Республикасында 560 тан астам делегация болған, оның құрамында Батыс Германияның жалпы саны 4 мыңнан астам еңбекшілер бар.



сауда органы бұл жұмысқа бағытталған басшылық жағдай, колхоздардың сауда орындарының және механизаторлардың қолына артық астығын мемлекеттік сауда орындарына сатуын дұрыс ұйымдастыра алса, онда облыс бойынша бұл жұмыстың барлығы жәзіргіден анағұрлым жақсарған болар еді. Амал не, облысты тұтас алғанда астық сатуын жайы төзгісіз жағдайда болып отыр. Бұған 1-октябрьге дейін облыста астық сату тапсырмасының небары 4,8 процент қана орындалып отырғаны толық дәлел.

Преснов, Ленин, Октябрь, Мамлют аудандарында бұйыл астықтың шығымы басқа аудандардан кем емес. Солай бола тұрса да, бұл аудандарда мемлекетке астық сатуын барлығы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Мәселен, 1-октябрьге астық сату тапсырмасы Преснов ауданында 2,9, Ленин ауданында 2,8, Октябрь ауданында 0,9, Мамлют ауданында 0,3 проценттен ғана орындалды. Бұл жағдай аудандардың партия, совет ұйымдары мен дайындау, сауда органдары басшыларын тіпті қынжылтатын да емес. Шыны айтқанда, олар әлі күнге қайбақаттыққа салынып, істі ұйымдастырмай келеді.

Жергілікті дайындау және сауда органдарының кейбір қызметкерлері астық сату колхоздар мен колхозшыларға және

оның председатели Писеужов жолдастан жергілікті сауда орындарының жұмысын үнемі бақылап отыруды және астық сатушылардың товарға, материалға деген тілегін қанағаттандырып отыруды талап етеді.

Колхоздардан, жеке адамдардан егін және мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу, оған қарама қарсы товар сату жөнінде сауда орындарының міндеті СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысында айқын белгіленді. Сауда орындары қызметкерлерінің бүгін таңдағы айбынды міндеті сол — Пленум қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыру.

Мемлекетке астық сатуын саяси және шаруашылық маңызы зор іс дедік. Олай болса, бұл істе жергілікті партия, совет ұйымдары үнемі басшылық жасап, колхоздардың, колхозшылардың, механизаторлардың және басқа да астық иемденушілердің артық астығын сауда орындарына сатуын, оған қажетті товарларын керегіне алып отыруын ұйымдастырулары керек. Бұл жұмыста жауапсыздыққа салынған кінәлі адамдарға ымырашылдық жасамай, оларды тәртіпке шақырып отыру қажет.

Мемлекеттік сауда орындарына қолда бар артық астықты көптеп сатайық! Бұл елімізде астық молшылығын жасау күресіне келесі үлес қосалы.

### Украин ССР-і Тернополь облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Тернополь облысының колхоздары мен совхоздары партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қарарларын жүзеге асыра отырып, астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындады. Мемлекетке өткен жылғы осы уақыттағыдан 4 миллион 835 мың пұт астық, оның ішінде 1 миллион 555 мың пұт күздік бидай артық тапсырылды. Қарақұмық пен тары тапсыру жоспары едәуір асыра орындалды.

Облыстың колхоздары мен совхоздары өздерін күздік және жаздық дақылдардың

тұқымымен қамтамасыз етті, малазығындық жем қорын жасауда. Колхоздар еңбек күні үшін колхозшыларға аванс беріп, мемлекетке сату ретінде онан әрі астық тапсыруда.

Кәзіргі уақытта облыстың ауыл шаруашылығының еңбекшілері астық бастыруды аяқтауға жақын және қант қызылшасын, картоп, овощь, малазығындық дақылдар жыйнау мен мал үшін жемшөп қорын жасау жөнінде қажырлықпен жұмыс істеуде.

### Автобустармен жол жүру, жеңіл және таксимоторларымен пайдалану бағасының арзандатылуы

1954 жылғы 1-октябрьден бастап қалада және қалалар арасында автобуспен жол жүрудің, сол сияқты жеңіл және жүк таксимоторларымен пайдаланудың бағасы орта есеппен 25 процент арзандатылады және тасымалдаудың жоғарыла көрсетілген түрлеріне біржолы баға белгіленеді.

Автобустармен жол жүру, жеңіл және жүк таксимоторларын пайдалану бағаларының жаңалап арзандатылуы еңбекшілердің автомобиль транспортымен пайдалану үшін неғұрлым қолайлы жағдай туғызуға мүмкіндік беретін болады.

(СОТА).

### Колхоздардың бөлінбейтін ақшадай қорының көбеюі

Алматы облысының Алматы ауданындағы «Луч Востока» колхозының бөлінбейтін қорының санына 300 мың сом түсті. Кәзір артельдің бұл санындағы қаржы 1953 жылғы 25 септемберден 130 мың сом артық. Облыстың басқа да ауыл шаруашылық артельдерінің бөлінбейтін қорлары көбейді. Бұл қор өткен

жылғымен салыстырғанда үштен бір еседі арты.

Республика колхоздарының бөлінбейтін қорларының санына жыл басынан бері 220 миллион сомнан аса қаржы түсті. Бұл өткен жылғы осы уақыттағыдан екі еседі көп. Жаңа жерлер игерілетін аудандардағы колхоздардың бөлінбейтін қорлары мықтап артқаны байқалады.

жауапты міндет болып табылады.

Жол құрылысына арналған бульдозер, скрепер, грейдер, каток, автоматтық жүк тиегіштер кәзір жұмысқа толығынан кірісті. Мұнда құм тасушы шоферлердің ішінде Мартышкин жолдас алған міндеттемесін ойдағыдай орындап, еңбек өнімділігін 150 процентке көтерді. Ол әр қашан машинасын техникалық күтімде ұстап, машинаның жұмыс істеу уақытын ұзартты, өнімді пайдалануға жеткізді.

Сол сияқты, тракторшы Сечин, грейдерші Чугаев, бульдозерші Крих жолдас-тар жолға төселетін балшық таранын биіктікте жұмыс істеп, сменасына екі нормадан беруде.

Жол құрылысының Қарлуга участогі жақын күнде аяқталып, пайдалануға беріледі.

А. БЕЗДЕНЕЖНЫХ.

## Советтік Қазақстанда

### АСТЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНАН 100 МИЛЛИОН СОМ ТАБЫС

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Таврия ауданының «Красный Октябрь» ауыл шаруашылық артель барлық егіс көлемінің әр гектарынан 100 пұттан өнім жыйнауда. Артель егіннен мол өнім жыйналуының нәтижесінде мемлекетке астық тапсыру міндеттемесін мерзімнен бұрын орындап, тұқымдық және басқа қорларды құйды, мемлекетке сату есебіне 50 мың пұттан аса астық тапсырды. Колхозшылар мемлекетке тағы бірнеше мың пұт қарабидай, бидай және тары сатуын ұйғарып отыр.

Алдын ала жасалған есептерге қарағанда, бұйыл астық шаруашылығы артельге миллион сом табыс енгізеді, яғни өткен жылғыдан бірнеше есе көп. Астық өндіруді арттыру және оны жаңа бағамен сату еңбек күннің құнын арттырды. Колхозшылардың еңбек күндеріне 3 килограмнан астықтай және 2 сомнан ақшадай аванс берілді. Тағы да кемінде 3 сомнан беру белгіленіп отыр.

Киров ауданының Киров атындағы, Ленин атындағы, Предгорный ауданының Ленин атындағы, Молотов атындағы ауыл шаруашылық артельдері және басқа бірқатар колхоздар мемлекетке астық сатудан миллиондаған сом табыс алуда. Бұйыл облыстың колхоздары астық сатудан 100 миллион сомға жуық табыс енгізеді.

### ШОФЕР ВЛАДИМИР РАМЗАННЫҢ АСА КӨРНЕКТІ ТАБЫСЫ

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Латвияның жаңашыл шофері Василий Сударовтың сатушысы Латвия авторотасының шофері Владимир Рамза астық тасуда аса көрнекті табысқа жетті. «ЗИС-150» машинасынан және үш тіркеме машинадан құрылған өзінің ауыр салмақты автопоездымен бір күнде екі рет алыс сапарға барып қайтты. Рамза түске дейін Мечдиқара ауданының «Север» колхозына Қостанай элеваторына астық апарып үлгерді.

туын ұстап ұйымдастыру болып саналады. Бірақ, аудан, колхоз басшылары мемлекетке астық сатуын күні бүгінгі дейін тығарымды ұйымдастыра алмай келеді. Петропавл, Копюхов, Булаев аудандарының бірқатар колхоздары мемлекетке міндетті астық тапсыру жоспарын және МТС

### ТҰҚЫМ ҚҰЮДА

Мамлют ауданының Чкалов атындағы колхозы егін жыйнау жұмысы басталмастан бұрын 5 жабық қырман, 3 мың центнер астық сыйтын қойма дайындаған болатын. Мұның өзі ауа райының қолайсыздығына қарамастан комбайннан түскен астықты тез тазартып, оны мемлекетке дайындау пункттеріне жөнелтуге мүмкіндік берді. Мұнда астық тазалау процестерінің барлығы механикаландырылған.

пен қарсы алып, оны ұйымдасқан түрде өткізген жағдайда ғана келесі жылы тұрақты мал басын көбейтіп, оның өнімін арттыруға зор мүмкіншілік болады. Мұны жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауыл шаруашылық органдары басшыларының түсінетін уақыттары жетті.

Колхоз мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын жүргізумен бірге келесі жылдың егісі үшін тұқым дую жұмыстарын қоса жүргізді. Кәзірдің өзінде колхоздың қоймасына жүздеген центнер жоғары кондициялы тұқым құйылды.

Тұқым тазалауда жұмыс істейтін колхозшылар Кириллова, Киселева, Юрская және Токарева жолдасар күндік тапсырмаларын асыра орындап, нормадан тыс 40-50 центнер тұқым тазалауда.

## Немістің Демократиялық жұртшылығы Қытай Халық Республикасы құрылуының бесжылдығын атап өтуде

БЕРЛИН. 30 сентябрь. (СОТА). Немістің демократиялық жұртшылығы Қытай Халық Республикасының құрылуына бес жыл толғанын кеңінен атап өтуде. Осы даңқты күнге байланысты кеше Берлиннің Максим Горький атындағы театрында Қытайдың Сегізінші Халық азаттық армиясы солдаттарының жапон империалистеріне қарсы ерлік күрестерін баяндайтын қытай пьесасы қойылған. Баспасөздердің хабарына қарағанда, 1954 жылдың 2-октябріне Берлиннің «Вавилон» кинотеатрында қытай кинофильмдерінің апталығы басталады.

### КӨМІР ШЫҒАРУ ЕКІ ЕСЕ АРТТЫ

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). № 17-бес шахтаның коллективі көмір шағарудың тоғыз айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады.


Бір тәулікте шығарылған көмірдің мөлшері 1950 жылдағымен салыстырғанда орта есеппен екі есе артты, ал шығарылған әрбір тонна көмірдің бағасы 19 сом арзанға түсіп отыр. Шахтада қуатты екі желдеткіш пайдалануға берілді. Ағаш тіреулердің 80 проценті металл тіреулермен ауыстырылды. Руда ауласында, сондай-ақ көмір тиейтін әрбір пункттің жанында алыстан басқарылатын тартпа лебідкалар орнатылды. Кәзір барлық лаваларда «Донбасс» комбайндары жұмыс істейді. Кеңерді участоктерге жер асты трамвайы тасып жеткізеді.

Көмірорын жобалық қуатынан анағұрлым артық қуатпен жұмыс істейді. Кеңілер кәзір тәулік сайын бесжылдықтың алғына жоспарланғандағыдан 200 тонна көмірді артық шығаруда.

### АСТЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Мемлекетке астық сатуға Ақтөбе облысының барлық колхоздары мен мыңдаған колхозшылары қатысауда.

Степной ауданының «Авангард» колхозы бұйыл жүздеген гектар тың және тиімді жерлерді игерді. Жаңа участоктерде егіннен мол өнім өсірілді. Артель осы жерлерден жыйналған астықтың барлығын мемлекетке сатады. Бұдан түсетін табыс 1.700 мың сомнан асады. Осы аудандағы «Передовик» колхозы тың жерден жүз мың пұтқа жуық астық алды. Бұл астықтың бәрі мемлекетке сату есебіне тапсырылды. Колхозшыларға әрбір еңбек күнге 3 килограмнан астықтай және 5 сомнан ақшадай аванс берілді. Артельдің мүшелері өздерінің астығына мемлекетке 10 мың пұтқа жуық астық сатуын ұйғарды.



Шымкент автомат-пресс заводы тың жерді игеріп жатқан аудандарға жіберуге арналған 20 жылжымалы вагоншалар дайындап шығарды. Вагоншалар бұмен жылытылады, душтық кабинасы бар. СУРЕТТЕ: вагоншаны тың жерге жөнелтер алдындағы дайындықтар. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

### Арыс—Түркстан каналы

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Республикамыздағы өте үлкен Арыс—Түркстан суару каналының құрылысы өрістеуде. Оның ұзындығы 194,5 километр болады. Судың тұрақты қорын жасау мақсатымен 370 миллион текшеметр су сыйтын Бөген суқоймасы жасалады. Канал Арыс, Шауылдір, Шаян, Түркстан және Фрунзе аудандарының үстімен өтеді. Жаңа канал 117 мың гектар құнарлы тың және тыңайған жерді суарады, мұнда мақта, бақша дақылдары, овощь, аса бағалы дәрі-дәрмек өсімдіктері өсірілетін болады. Кәзір Бадам станциясын мен Бөген құ-

рылыс участогі арасында жол салынып, телефон-телеграф линиясы тартылуда, мұнай қоймалар ұйымдастырылып жатыр. Бөген су қоймасы участогінде құрылысшылардың поселкесі салынуда. Мұнда бульдозерлер, скреперлер, ордазығыштар жеткізілді. Көптеген ағаш және басқа құрылыс материалдары алынды. Тұрғын үй құрылысына қорықса жергілікті материалдар кеңінен пайдалануда. Кіріш құйдіру, қамыс шомдар жасау ұйымдастырылуда, құм, қыйыршық құм, қыйыршық тас, құрылыс тасын шығаратын қарьерлер жасалуда.



# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмыс жақсартылсын

СОКП Уставына сәйкес, партияға кіргісі келген адамдардың бәрі біржылдық кандидаттық стаждан өтеді. Өйткені, мұның өзі кандидаттың партияның Уставымен, программасымен, тактикасымен жете танысуын, сол сыяқты, партия ұйымына кандидаттың жеке басының сапасын байқауын қамтамасыз етеді.

Кандидаттық стаж формальді емес, шын мәнісіндегі тәрбие мектебі болуы үшін, партия ұйымдары кандидаттардың партия мүшелігіне кіруіне көмек көрсетіп отыруға міндетті. Кандидаттық стаж мерзімі өткеннен кейін партия ұйымы партия жыйналысында кандидатты СОКП мүшелігіне қабылдау жөнінде мәселе қарауға тиіс. Егерде дәлелді себептермен кандидаттың даярлығы жеткіліксіз болса, партия ұйымы кандидаттық стажды бір жылға дейін ұзартады. Ал, бір жыл ішінде кандидат өз басының сапасын қамтамасыз ете алмаса, партия ұйымы оны кандидаттан шығару жөнінде қаулы алады.

Партияның XIX съезінің тарихи қарарларын басшылыққа ала отырып, қала партия ұйымы СОКП мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеуде бірқатар жұмыс істеді. Бастауыш партия ұйымдары кандидаттардың саяси білімін арттыруға, олардың партиялық жұмысқа белсене қатысуына көп назар аударатын болды. Партияның XIX съезі өткеннен кейінгі мерзім ішінде қала партия ұйымдарында кандидаттардың, әсіресе, стажы өткен кандидаттардың саны едәуір көбейді.

Соңғы жылдары ет-консерв комбинатының партия ұйымы (секретары Филимонов жолдас) партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы саяси тәрбие жұмысының едәуір жақсарту түсеті. Үстіміздегі жылдың бас кезінде партия ұйымының есебінде көшілгінің стажы өткен 11 кандидат бар еді. Партия бюросы партия мүшелігіне кандидаттардың арасындағы жұмысты дұрыс ұйымдастырып, олардың саяси және жалпы білім дәрежелерін арттырды, партиялық талсырмаларды ойдағыдай орындауын қамтамасыз етті. СОКП мүшелігіне кандидаттар үшін партия Уставы, ағымдағы саясат жөнінде жеке және топтық әңгімелер өткізілді. Партия мүшелігіне кандидаттармен саяси тәрбие жұмыстарын осылай ұйымдастырудың нәтижесінде 8 кандидат СОКП мүшелігіне қабылданды.

Кәзір партия ұйымының есебінде 3 кандидат бар. Олардың бәрі де партиялық талсырмалар атқарады. Кандидаттар саяси және жалпы білімдерін арттыру жөнінде уәдісіз жұмыс істеп жүр. Мәселен, кандидаттар Васильев жолдас кешкі мектептің IX класында оқиды, Федоров жолдас партия тарихын өздігінен оқиды, үйренуде.

Алайда, қала партия ұйымдары партия мүшелігіне кандидаттармен жұмысты әлі

дың партия мүшелігіне өту ісіне көмектеспейді. Олардың жеке басының сапасын тексермейді. Осының салдарынан көптеген кандидаттардың стажы формальділікке айналған. Қала партия ұйымындағы кандидаттар арасындағы жұмыстың бетімен жіберілгені сонша, тіпті кандидаттардың 74 процентінің стажы өтіп кеткен. Тіпті бірқатар жолдасардың кандидаттық стаждары 5-10 жылдан саналады.

Ауыл шаруашылығы орта мектебінің бастауыш партия ұйымында партия мүшелігіне 18 кандидат бар. Олардың бәрінің дерлік кандидаттық стаждары өтіп кеткен. Солай бола тұрса да партия бюросы, оның секретары Анищенко жолдас кандидаттардың партия мүшелігіне өтуіне көмекті ұмыт қалдырған. Оларға партиялық талсырмалар берілмейді. Өткен жылы партия ұйымы жақ коммунистер арасындағы жұмыс туралы бірде-бір рет мәселе қарамаған. Ал, мұндай мәселе қарау өте орынды және қажет еді. Міне, осының салдарынан партия мүшелігіне кандидаттар Андриянов, Ингишов, Шилов сыяқты жолдасар сабақты нашар үлгерді. Ал, кейбір жас коммунистер маскунемдікке салынып, тұрмыста үлгі көрсете алмай жүр.

Мұндай жағдай вагон участогі партия ұйымында да (секретары Чекунов жолдас) орын алып отыр. Аталған ұйымдағы 12 кандидаттың 9-ның кандидаттық стаж мерзімі өткен. Тіпті Чекунов жолдас кандидаттардың партия мүшелігіне өтуге қалай әзірленіп жүргендерін де білмейді.

Қаланың бастауыш партия ұйымдарында өндірісте қажырлылықпен еңбек етіп, партиялық талсырмаларды мұлтіксіз орындап жүрген кандидаттар аз емес. Бірақ, кейбір партия ұйымдарының бұл сыяқты кандидаттардың өндірістік өмірі мен жеке бастарының сапасымен кезінде танысуларының салдарынан оларды мүшелікке қабылдау ісі кешігітіріліп келеді. Мәселен, шағын двигательдер заводтың фрезеровшісі партия мүшелігіне кандидат Алексеев жолдас қоғамдық жұмысқа белсене қатысумен бірге, өзінің өндірістік жұмыс нормасын үнемі 206—212 процент орындайды. Сол сыяқты, осы заводтың формовшісі партия мүшелігіне кандидат Файзеев жолдас өмезалық талсырмасын үнемі 158—167 процент орындап, жақсы табыстарға ие болып жүр. Мұнымен бірге, аталған жолдасар өздерінің пехтарында үлгіші болып істейді. Олар үнемі дауыстап газет оқиды, әңгіме өткізіп отырады. Мұндай мысалдарды облыстық бірлескен аурухана және басқа мекеме партия ұйымдарынан да келтіруге болады. Бірақ, амал не, партия ұйымдары өздерінің жеке басының сапасын байқата білген кандидаттарды партия мүшелігіне қабылдау мәселесін ұмыт қалдырған.

мүшелігіне алынуға лайықсыз екендігі анықталған реттерде олар туралы мәселе қарауды ескермейді. Мәселен, № 2 құрылыс участогі партия ұйымында Иванова жолдас 1940 жылдан бері кандидат болып есептеледі. Иванова ешқандай оқымайды, мүшелік жарнаны айлап төлемейді, партия ұйымының жұмысына қатыспайды. Солай бола тұрса да партия ұйымы ол жөнінде ешқандай шара қолданбай жүр.

Кейбір партия ұйымдары кандидаттық стажды ұзарту мәселесіне үстірт қарайды. Мәселен, «Сөзөсельхозавтотранстың» № 2 автототарының партия ұйымы өткен жылы ноябрь айында 1944 жылдан бері партия мүшелігіне кандидат Золотилин жолдасдың маскунемділікке салынғанына және әкімшілік жазасын алғанына қарамастан оның стажын бір жылға ұзартқан. Қалалық партия комитеті партия ұйымының қаулысын бекітпейді. Бұл сыяқты фактілер шағын двигательдер заводының партия ұйымынан да кездесті.

Сонымен бірге бірқатар партия ұйымдары кандидаттардың партия мүшелігіне өту жөнінде берген өтініштерін қарауды ұзаққа созады. Мәселен, ауыл шаруашылығы орта мектебінің партия ұйымын алайық. Партия мүшелігіне кандидат Бекішев жолдасдың февраль айында берген өтініші күні бүгінге дейін қаралмаған.

Кандидаттар арасындағы жұмыстың мұншалықты нашар жүргізілуіне қалалық партия комитеті де кінәлі екенін айта кеткен жөн. Өйткені, ол соңғы кезде кандидаттар арасындағы жұмысқа басшылық пен бақылауды әлсіретіп алды.

Қалалық партия комитетінің бюросы 1953—54 жылдары кандидаттар арасындағы жұмыс жөнінде бірде-бір бастауыш партия ұйымының есебін тыңдамады. Үстіміздегі жылы апрель айында болған қалалық партия комитетінің VII пленумында қала партия ұйымдарында кандидаттарды саяси тәрбиелеудің жаңы туралы мәселе қаралды. Бұл жөнінде жақсы қаулы да алынды. Бірақ, қалалық партия комитеті пленум қабылдаған қаулының орындалуын тиісті дәрежеде ұйымдастырмай келеді.

Қалалық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы саяси тәрбие жұмысын ұйымдастыруда орын алған кемшіліктерді дереу жоюға тиіс. Сөйтіп, партия ұйымдары кандидаттардың партиялық және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуына, саяси және жалпы білімдерін көтерулеріне жетісулері керек. Бұл — бүгінгі таңдағы басты міндеттердің бірі болып табылады.

И. ГРИГОРЬЕВ,



Өзбек ССР. Сурхан-Дарья облысының колхоздарында мақтаны жаппай жыйнау басталды.

СУРЕТТЕ: Дернау қабылдау пунктіне Молотов атындағы колхоздан өнеліңер мақтаның сорттылығын байқау.

(СОТА-ның фотохроникасы).

### Пантеонның жобасын талқылау

ССРО Министрлер Советінің тапсыруымен ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті мен еңбекшілер депутаттарының Москва қалалық Советінің атқару комитеті совет елінің ұлы адамдарының мәңгі есте қалдырудың ескерткіші, Москваның Ленин тауларында салынатын болып белгіленген Пантеонның ең жақсы жобасына ашық конкурсы жарияланған болатын.

Бұл конкурсты ұйымдастыру алдынан үлкен әзірлік жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, Москваның белгілі он архитекторы — А. В. Власовка, И. В. Жолтовскийге, Г. А. Захаровқа, А. Г. Мюрдиновқа, Б. С. Мезенцевқа, М. В. Посониңге, Л. М. Поляковқа, Л. В. Рудневқа, А. В. Хряковқа және Д. Н. Чечулинге Пантеонның алғашқы жобасын жасап ұсыну тапсырылды.

Сәулетшілер орындаған еңбектер кәзір архитекторлардың орталық үйінде көпшілік байқауына қойылды. 28 сентябрьде мұнда Пантеонның алғашқы жобалары кеңінен талқыланды. Талқылауға астананың 800-ден аса архитекторы, скульпторы, суретшісі және ғылыми қызметкерлері қатысты. Архитекторлар К. Н. Афанасьев, Ю. С. Яралов, скульптор Г. П. Мотовилов, ақын П. Г. Антопольский, басқа да шығын сөйлеушілер алдын-ала жасалған жоба ұсыныстарының авторлары Пантеонның композиция тұрғысынан дұрыс әрі қарапайым, әрі салтанатты болып шығуының дұрыс жолын таба алмағанын, бірақ олар істеген жұмыстың бұл құрылыстың жобасын көрсетіп кейін табуы

## Қытай Халық Республикасына бес жыл

Пекиндегі салтанатты мәжіліс

ПЕКИН, 30 сентябрь. (СОТА). Бүгін Пекинде Хуайжэньтан залында Қытай Халық Республикасының құрылуының бес жылдығына арналған салтанатты мәжіліс болды.

Залға астана жұртшылығының көптеген өкілдері, Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің барлық мүшелері, халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының депутаттары, Ыңбек Ерлері, әдебиет, искусство өкілдері, қытай халқының атақты адамдары жыйналды.

Мерекелегідей безендірілген сахнаның көкіші төрінде Қытай Халық Республикасының үлкен гербі, даңқты күндер: 1949-1954 жылдар деген жазу.

7 сағат 15 минутта президентудары орынға жыйналғандар қызу және ұзақ овациямен қарсы алған Қытай Халық Республикасының Президенті Мао Цзэ-дун, Қытай Халық Республикасы Президентінің орынбасары Чжоу Энь-лай, халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының тұрақты комитетінің председатели Лю Шао-ци, Мемлекеттік советтің премьері Чжоу Энь-лай, халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының Тұрақты комитеті председателинің орынбасарлары Сун Пин-лин, Линь Бо-цзюй, Қытай мемлекетінің және басқа басшы қайраткерлері келді. Олармен бірге мәжіліс президентулымына жыйналғандар қызу қолшапалақтаумен қарсы алған Совет Үкмет делегациясының мүшелері Н.С. Хрущев, Н.А. Булганин, А.И. Микоян, Н.М. Шверник және Польша, Корея Халық-демократиялық Республикасы, Румыния, Монғол Халық Республикасы, Чехословакия, Венгрия, Герман Демократиялық Республикасы, Болгария, Вьетнам Демократиялық Республикасы, Азияны Үкмет делегацияларының басшылары келді.

Председательдік етуші Лю Шао-ци салтанатты мәжіліске жыйналғандар жылы жүзбен қарсы алған Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Советінің премьері Чжоу Энь-лайға сөз берді. Бүкіл зал Совет Үкмет делегациясының

басшысы СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н.С. Хрущевтің трибунаға келуін ұзақ ду қолшапалақтаумен қарсы алды, ол мәжіліске қатысушыларға арнап, ұзақ құттықтау сөз сөйледі.

Н.С. Хрущев жолдастың сөзі ду қолшапалақтаулармен бөлініп отырылды.

Н.С. Хрущевтің сөзінен кейін Үкмет делегацияларының басшылары Болеслав Берут (Польша Халық Республикасы), маршал Ким Ир Сен (Корея Халық Демократиялық Республикасы), Георг Агостол (Румын Халық Республикасы), Самбу (Монғол Халық Республикасы), Вацла Копецкий (Чехословак Республикасы), Андран Хегедюш (Венгер Халық Республикасы), Лотар Болц (Герман Демократиялық Республикасы), Даминов (Болгар Халық Республикасы), Хоанг Минь Зям (Вьетнам Демократиялық Республикасы), Бехар Штюдла (Албан Халық Республикасы) өздерінің сөзінде Ұлы Қытай халқына тусқан халықтардың жалынды сәлемін талсырды.

Председательдік етуші Лю Шао-ци Қытай Халық Республикасының жариялануының бес жылдығына арналған салтанатты мәжілісті жабар алдында сөз сөйлегендерге олардың құттықтау және дем беру сөздері үшін алғыс айтты. Лю Шао-ци Қытай Халық Республикасы халықтарының болашақта бұдан да зор жеңістерге жете беретіндігіне сенім білдірді.

Делегаттар, қоңақтар және барлық қатысушылар біркісідей орындарынан тұрды және Қытай Халық Республикасының өткен бес жыл ішінде қол жеткен табытарының құрметіне, Қытай Коммунистік партиясының құрметіне, Қытай Мемлекетінің басшысы және халық көсемі Мао Цзэ-дунның құрметіне көпке дейін басылмаған қызу овация жасады.

Залда музыка Қытай және совет халықтары достығының жыры — «Москва—Пекин» ән салтанатпен айбынды түрде естілді.

### Мао Цзэ-дунның Совет Одағы Үкмет делегациясын қабылдауы

ПЕКИН, 30 сентябрь. (СОТА). Қытай Халық Республикасының Президенті Мао Цзэ-дун 30 сентябрьде күндізгі сағат 3-те Қытай Халық Республикасының бес жылдығын тойлауға қатысу үшін Қытайға келген Совет Үкмет делегациясының басшысы, СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н.С. Хрущев жолдасы, сол сыяқты делегация мүшелері: ССРО Министрлер Советі Председателинің Бірінші Орынбасары Н.А. Булганин, ССРО Министрлер Советі Председателинің Орынбасары А.И. Микоян, КБС-тың Председатели Н.М. Швер-

никті, ССРО Мәдениет Министрі Г.Ф. Алексадровты, «Правда» газетінің бас редакторы Д.Т. Шенниковты, СОКП Москва қалалық комитетінің секретары Е.А. Фурцеваны, Өзбек ССР Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрі Я.С. Насриддинованы, ССРО-ның Қытай Халық Республикасындағы Елшісі П.Ф. Юдинді, СОКП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі В.П. Степановты қабылдады.

Қабылдауға Чжоу Дэ, Лю Шао-ци, Чжоу Энь-лай, Чань Юнь, Дун Би-у, Линь Бо-цзюй, Пын Дэ-хуэй, Пын Чжэнь, Дэн Сюэпин, Дэ Цыг-хуэй, Ли Фучунь болды.

### Бүкілодақтық ауыл шаруашылық



де ондағыдай ұйымдастыра алмай келеді. Бірқатар партия ұйымдары кандидаттар-  
Бірқатар партия ұйымдары кандидаттар-  
тар өз басының сапасы жағынан партия

кәсіподақ және комсомол органдары  
бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

де ондағыдай ұйымдастыра алмай келеді. Бірқатар партия ұйымдары кандидаттар-  
Бірқатар партия ұйымдары кандидаттар-  
тар өз басының сапасы жағынан партия

де ондағыдай ұйымдастыра алмай келеді. Бірқатар партия ұйымдары кандидаттар-  
Бірқатар партия ұйымдары кандидаттар-  
тар өз басының сапасы жағынан партия

## ОЗАТ ТӘЖРИБЕНІ НАСИХАТТАУ

Мамлют совхозы егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы өркендетуде жыл сайын зор табыстарға ие болып келеді. Бұл шаруашылықта өндіріс озаттары көптеп саналады. Партия ұйымы өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелерін насихаттау, оны жалпының игілігіне айналдыру жөнінде бірқатар игі шараларды жүзеге асыруда.

Жақында көп адамдар қатысқан ашық партия жыйналысы болды. Жыйналыста колхоз ралымы Т. С. Мальцевтің өдісін совхоз өндірісіне енгізу жөнінде мәселе талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселе бо-

йынша В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалының ғылыми қызметкері Кан жолдас баяндама жасады.

Партия жыйналысы совхозда Т. С. Мальцевтің өдісін насихаттау және әрбір фермада тәжірибе үлестіріні ұйымдастыру жөнінде нақтылы шаралар белгілеген қаулы қабылдады. Партия ұйымының жұмыс жоспарында Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар сауыншы Ж. Есенованың аға мал дәрігері В. Кошеловтің және басқаларының совхоз жұмысшыларымен әңгіме өткізуі бел-

гіленген. Совхоздың қабырға газеті озат тәжірибені насихаттау мәселесіне ерекше назар аударып отыр. Қабырға газеті мен жауынгерлік листоктардың соңғы номерлерінде совхоздың таңдаулы сауыншылары М. Дик, П. Анохина, Ж. Есенова жолдастардың мақалалары жарияланды.

Кәзір партия ұйымы озат сауыншылардың, бұзау өсірушілердің және басқа өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелерін толық баяндайтын арнаулы стенд ұйымдастыруға кірісті.

Б. ИВАНОВ.

## Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушының тәжірибесі

# БРИГАДАНЫҢ ТАБЫСЫ

Біздің бригаданың мүшелері соңғы жылдары егіншілік мәдениетін арттыру күресінде елеулі табыстарға ие болып келеді. Демек, біз жыл сайын егіннен тұрақты және мол өнім алуға жетісіп келеміз.

Бригада өткен жылы «Путь Ленина» колхозында жұмыс істеді. Бұл жыл бригада мүшелері үшін егіншілік жөнінде жақсы көрсеткішше ие болған жылдардың бірі болды. Өткен жылы біздің колхоз тың жерлерге егілген егіннің әр гектарынан 180 пұттан өнім алған болатын. Колхозшылардың бұл табысы СОИП Орталық Комитеті февраль-март Пленумының қаулысында атап көрсетілді. Колхоздың бұл көрсеткішіне біздің бригаданың да қосқан зор үлесі бар. Біздің бригаданың механизаторлары 150 гектар тыңға жаздық бидай егін, оның әрбір гектарынан 30 центнер өнім алды.

Бригада 1952 жылы тың жерлерді 20-22 сантиметр тереңдікте жыртып, оның ығалы құрған кетпеуі үшін дереу тырмаланады. Өткен жылы көктемде бұл аңызға бидайдың қатты тұқымы себілді. Міне, осы участоктерден жоғарыдағыдай өнім түсті. Біз бұдай бұрын пайдаланылып келген 800 гектар жерге дәнді дақыл егін, одан да жақсы өнім алдық. Механизаторлар колхоздағы Отрядның жолдас басқарған егіс бригадасының мүшелерімен бірлесе отырып, бітік өскен егінді жыйнауға да тыңғылықты әзірленді. Егін жыйнау кезінде комбайндардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде біз егінді қысқа мерзімде жыйнап алдық. Сөйтіп, бригада бойынша егіннен барлық 950 гектар егіннің әрбір гектарынан орта есеппен 14,2 центнерден өнім алуға жетістік, оның ішінде жаздық бидайдың өнімі 16 центнерден болды.

Бұл жыл бригада мүшелері ауылшаруашылық жұмыстарын атқарудың жылдық жоспарын артық орындап шықты. Бригада бойынша әрбір 15 аттық күші

бар трактормен 600 гектар жер жұмысталды. Жанар майдың едәуір бөлігі үнемделді. Тракторлардың жұмысқа тиімді пайдаланылуы МТС-тің колхозбен жасасқан жұмыс шартының әрбір пунктін мерзімінде және сапалы орындауын қамтамасыз етті.

Бригада қол жеткен табысты баянды ете отырып, быылғы жылы егіннен мол өнім алу үшін өткен жылы пар мен зыб-ті көп жыртып, жер жыртуда және өңдеуде агротехникалық өрнектер мұқият жүзеге асырылды. Отрядның жолдасы бригадасы быылғы егіс үшін сапалы, сортты тұқымды мол әзірледі. Бұл жыл бригаданың егіс көлемі өткен жылға қарағанда 150 гектар ұлғайып, 1100 гектарға жетті. Егіс жұмыстары қысқа мерзімде өткізіліп бірқатар учасоктерде тұқым тоғыспалы әдіспен себілді.

Быылғы егіннің шығымы да жақсы болды. Механизаторлар және колхозшылар егін жыйнауды ұйымшылдықпен бастап, оны табысты аяқтап отыр. 67 гектар жаздық бидайдың әрбір гектарынан 30 центнерден артық өнім алынды. Қалған учасоктердегі егіннен де жоспарлы өнім жыйналды.

Егіннің шығымды болуы колхоздың мемлекетке міндетті астық тапсыру жоспарын және МТС жұмыстары үшін заңтай ақы төлеу тапсырмасын толық орындауына жағдай жасады. Сонымен қатар колхоздың мемлекетке 60.000 пұт астық сатуына мүмкіншілігі бар. Бұл уақытқа дейін мемлекеттік саула орындарына 30.000 пұттан астам астық сатылды. Мемлекетке астық сатудан ғана түсетін табыс 1 миллион 200 мың сом болды.

Астық өндірісін шұғыл өркендету—колхоз экономикасын нығайтудың және колхозшылардың әл-ауқат, мәдени тұрмыс дәрежесін жақсартудың ең қайнар көзі. Сол сияқты қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге де зор мүмкіншілік береді. Мұны біз өзіміздің іс тәжірибелерімізден айқын көріп келеміз.

Сондықтан да біз астық өндірісін барған сайын өркендете беру мақсатымен келесі жылы егіс көлемін 1500 гектарға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз. 500 гектар пар жыртылды. Оның 200 гектары тың және тыңайған жерлер. Жері құнарлы топырақтың қалыңдығына қарай 20-22 сантиметр тереңдікте түрленді плугпен жыртылды. Жаз бойы парды баптап, күттік, онда арам шөп жоқ.

Бұдан басқа бригада 1050 гектар зыб жыртыу керек. Мұның 400 гектарынан ертығы жыртылды. Біз бұл жоспарды 29 октябрьге дейін толық орындап шығамыз. Зыб жыртуда тракторшылар А. Грауберг, Л. Пучков, К. Пучков жолдастар «ДТ-54» тракторымен бір сменада 7 гектар орнына, 9-10 гектар жер жұмыстап жүр. Біздің бригадада жұмыс тапсырмасын орындамайтын бірде-бір механизатор жоқ. Бұған алдымен тракторлардың күші жұмысқа өнімді пайдаланылуы және колхозшылар мен механизаторлар арасындағы еңбек ынтымағының күн санап күшейе түсуі негізгі себеп болып отыр.

Егіс бригадасының мүшелері де келесі жылы егіс көлемін ұлғайтудың, өнімді арттырудың негізгі шараларын кәзірдің өзінде жүзеге асыруда. Олар барлық егіс көлемін сапалы, сортты тұқыммен қамтамасыз етті. Кәзіргі уақытта бригада мүшелері тұқымды тазалап, оны қоймаларға күюде.

Былғы біздің бригадада тағы да бір зор қуаныш болды. Ол бригаданың екі аламың Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып қатысуы еді. Атап айтқанда озат тракторшы Леонид Пучков пен екеуіміз жазықта көрмеге барып келдік.

Көрмеде болған уақытта маған, әсіресе, механизация павильоны ұнады. Мұның өзі менің көп жылғы механизатор болып еңбек етуімнен болуы керек. Онда ауыл шаруашылығының отандық жаңа техникамен күнбе-күн жабдықталып отырып отырғандығы көрсетілген.

Кәзіргі комбайндар мен тракторлардың көбі өзгертіліп, қуаттандырылған. Мәселен, «СТЗ-НАТИ» және «ДТ-54» тракторларының шығыр табандары бұрынғыдан жалпақ. Мұның өзі сазды жерлерде тракторлардың батып қалмауына қолайлы жағдай жасайды. Мұндай тракторлар біздің облысқа да өте қолайлы. Жауыңды

кәсіподақ және комсомол органдары  
бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Қызып сөйлеушілер совет елінің ұлы адамдарын мәңгі есте қалдырудың өскерткіші ретіндегі Паптеонның архитекторлық көркемдік кейіпін жасау жөнінде, үйлерді және төңірегегі территорияны жоспарлау, бұл ұлы құрылыстың ішін және сыртын әсемдеуге арнал жоғары сапалы және ұзаққа шыдайтын материалдарды қолдану жөнінде нақты ұсыныстар енгізді. (СОТА).

## АБАКАН ЕТ КОМБИНАТЫ

АБАКАН, (Хакасс автономиялық облысы), 30 сентябрь (СОТА). Бүгін мұнда облыстағы ең ірі ет комбинатының құрылысы аяқталды. Ондағы барлық жұмыс процестері механикаландырылған.

күндері біздегі өздігінен жүретін комбайндар жұмысқа қатыстырылмай жүр. Өйткені, олардың доңғалақтары сазды балшыққа батып қалады да жұмыс істеуі ауырлайды. Мен көрмеде шығыр табан орнатылған өздігінен жүретін комбайндарды көрдім. Бұл комбайндармен жауынды күндері де бөгетсіз жұмыс істеуге болады.

Көрмеде, әсіресе, Терентий Семенович Мальцев жолдасын басқарған тәжірибе станциясының жұмысы ерекше көз тарттады. Онда жерді қайырмасыз плугпен жыртып, егіннен тұрақты мол өнім алындығы баяндалған. Күрган облысы мен біздің облыстың жер жағдайындағы өзгешелік онша көп емес. Сондықтан бұл әдісті біз де көңінен қолдануға болады. Бригада үстемізге қылдан бастап егіншілік мәдениетін арттыруда Мальцев жолдасын өдісін қолдануды ұйғарып отыр.

Біз бригаданың егіннен мол өнім алындығы жөнінде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатыстық. Бірақ, жұмысымызда кемшіліктер бар. Ол алдымен колхоз басшылары мен егін шаруашылығы мамандарының кінәсінен. Егіндік учасоктерде ақ балшықты жерлер бар. Мұнда егіннің шығымы нашар болып келеді. Сондықтан колхоз басшылары және агрономдар мұндай жерлерді жергілікті және минералдық тыңайтқыштармен тыңайтуды ұйымдастырулары керек. Мұның өзі астықтың бұдан да мол болуына пелелі үлес қосар еді.

Колхоз, сол сияқты, МТС басшылары қысқы уақытта егіс алаңына қар тоқтату ісіне жете мән бермейді, оны формальді түрде ұйымдастырады. Бұл дұрыс емес. Егер егіндік учасоктерге қар мол тоқтатылса, жерде ылғалдың да мол болатындығын, ол жерлерден өнім көп түсетіндігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Міндет—көрмеге барып қайту емес, одан көрген білгеніңді көпшілік игілігіне айналдыру, сөйтіп, озаттардың қол жеткен табыстарын өз ісінде шеберлікпен қолдана білу. Біздің бригада озаттардың іс тәжірибелерін қолдана отырып, егін шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жете береді.

## Д. ГРАУБЕРГ,

Көксхов ауданы, Суворов атындағы МТС-тің № 7 трактор бригадасының бригадирі.

## П. Н. АНГЕЛИНАМЕН КЕЗДЕСУ

29 сентябрьде көрмеде мыңға жуық экскурсанттар—егіншілер мен механизаторлар Сталин облысы Старо-Вешевск МТС-і трактор бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Прасковья Никитична Ангелинамен кездесті. Оның тракторларды өнімді пайдалану тәжірибесі туралы айтып өңгімесін тракторшылар зор ынтамен тыңдады.

Прасковья Никитична 25 жыл бойы трактор бригадасына басшылық жасап келеді. Бұл уақыт ішінде оның бригадасы 50 жылға есептелген жұмыс орындады.

Біз әрбір трактордың төулік бойына өнімді жұмыс істеуі үшін күресеміз, дейді Ангелина жолдас. Біз қамтытын колхоздың егін даласында әрбір трактордың орта есеппен бір сменадағы көрсеткіші 6,5 гектар. Тракторды қуту және жөндеу жөніндегі жұмыстардың барлық түрлерін біз әр гектар жердің өсебінен жүргіземіз. Тракторды және ауылшаруашылық машиналарын техникалық күтудің, жөндеудің әр гектарға шаққандағы бағасы үш жыл ішінде екі есе арзандады.

Біздің бригада жыл сайын еліміздің түрлі аудандарының мыңдаған механизаторларын үйретіп шығарады. Біз өзіміздің тәжірибемізді басқаларға ынталылықпен таратамыз.

Біздің бригадалары тракторшылардың көпшілігі 10—20 жылдан бері істеп келеді. Өзара жолдастық көмек—бригаданың негізгі заңы. Егер біреуімізде бір өтсіздік болса, оған демалып жатқандар көмекке келеді. Біздің көрсеткішіміз мынадай: Өткен 25 жыл ішінде біз «Фордзон» тракторынан бастап барлық маркалы тракторларда жұмыс істедік.

Біздің дала қосымызда тракторшылар үшін барлық жағдай жасалған: әсем жабдықталған демалыс бөлмесі, душ, асхана, қызыл бұрыш, кино. Саяси-тәрбие жұмысы да жақсы жолға қойылған. Бригаданың көптеген мүшелері—бұрын-

## БРЯНСК ОБЛЫСЫНЫҢ КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫ АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Брянск облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың және сатудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Аса маңызды азық-түлік дақылдарын дайындау мен сатудың белгіленген жоспары мына түрде орындалды: бидай жөнінде—139 процент, жармалық дақылдар—тары мен қарақұмық жөнінде 186 процент. Мемлекетке 1953 жылдағынан 1 миллион 700 мың пұт астық, оның ішінде 593 мың пұт қарақұмық артық тапсырылды. МТС-тердің атқарған жұмысы үшін тапсырылған жоспар бойынша және мемлекетке сату ретінде онан әрі астық тапсырылуда.

## ЕҢБЕККҮНГЕ АҒЫ МОЛ ТӨЛЕНУДЕ

БУРНОЕ (Жамбыл облысы). (ГазТАГ). Жуалы ауданы Жамбыл облысының астықты ірі ауданы. Колхоздар егінді бітік өсіріп, оны қысқа мерзімде жыйнап алды, сөйтіп астық дайындаудың және мемлекетке астық сатудың жоспарын орындап, тұқымдық және жемдік қорлар құйып

ғы тракторшылар мен тіркеушілер кәзір агрономдар, оқытушылар, механиктер болып кетті. Олар кәзір бригадаларда жұмыс істей бастады және бізбен үнемі байланыс жасап тұрады.

—Тракторшылардың табысы қандай?

—Орта есеппен алғанда айына жыл сомнан,—деп жауап берді Ангелина жолдас. Бұдан басқа біздің тракторшылар еңбеккүндеріне 800-900 пұттан астық алады. Біздің тракторшылар екі-үш мамандықты, оның ішінде құрылыс мамандығына да меңгерді. Жуырда біз өзіміздің күшімізбен 10 тракторға арналған гараж салып алдық. Негізгі жұмыстардан бос уақыттарында бригада мүшелері көрші колхоздардың шаруашылықтарына сұраймын жасау құрылыстарына көмектеседі, комбайншылардың көмекшілері, тіркеушілер болып істейді.

Ангелина жолдасын экскурсанттармен жасаған қызықты әңгімесі «Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру» павильонындағы оның бригадасы стендасы жағында да болды.

\*\*\*

29 сентябрьде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Бас комитеті Алтай өлкесінің құрамында 1954 жылғы егін орағы кезінде ерекше көзге түскен 56 адам бар комбайншылар тобын Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар етіп бекітті.

Күрган облысы «Заветы Ленина» колхозының ғалымы Т. С. Мальцевтің жаңа агротехникалық әдістерін белсенді түрде насихаттағаны, сол сияқты ауыл шаруашылығы озаттарының табыстарын ойдырай насихаттағаны үшін Күрган облысының «Брасный Күрган» газетінің редакциясы және сол газеттің қызметкерлері С. Глебов, П. Корпанов, Д. Тимаков және В. Семенов жолдастар Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы болып бекітілді. (СОТА).

Облыстың колхоздары мен совхоздары үстемізге жылы күздік дақылдарды өткен жылдағыдан 32 мың гектар артық екті, күздік егудің мемлекеттік жоспарын агротехникалық ең қолайлы мерзімде 110 процент орындап шықты.

Кәзіргі уақытта облыстың колхоздары мен совхоздары жаздық дақылдардың тұқымын күюде, картоптан өсірілген жақсы өнімді дер мезгілінде жыйнап алу және картоп дайындау мен сатудың, зыб жыртыудың мемлекеттік жоспарын орындау шараларын қолданып, қоғамдық мал қыстатуды өткізуге әзірленіп жатыр.

алды. Кәзір колхозшылардың еңбеккүші деріне аванс берілуде. «Путь Ленина» ауылшаруашылық артелінің шопаны Алтай Байұбаев еңбеккүшіне 400 пұт астық, көп алма, бал және аванс ретінде 5.200 сом ақша алды.



# Малға жылы қора, мол азық әзірленсін

## Маңызды іске мән бермеушіліктің салдары

Октябрь ауданы Жамбыл атындағы колхоз малды шаруашылықтың бірінші саналады. Қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін барған сайын арттыра беру үшін мал қыстатуға тыңғылықты әзірленіп, ұйымшылдықпен өткізудің маңызы ерекше зор.

Жамбыл атындағы колхоздың басшылары мал қыстатудың ерекшеліктерін, маңыз-мақсатын жақсы біледі. Бұған қарағанда олардың бұл маусымға әзірлік жұмыстарының тыңғылықты жүргізілуін ұйымдастырулары керек еді. Бірақ, колхоз басшылары, алдымен колхоз басқармасының председатели Ырыспаев жолдас, бұл міндетті орындай алмай келеді.

Мұнда жаңадан мал қораларын салу, ескі қораларды жөндеу кең өріс алмай отыр. Жағдай, әсересе, № 2 бригадала өте-өте нашар. Мұнда бірнеше қора жөндемеді және қоралардағы мал қиып тазартылмады. № 3 бригадала ескі қораларды жөндеу мүлдем ұйымдастырылмай отыр. Бригадир Нұртазин жолдас бұл іске назар аудармай келеді.

Колхоздағы бірқатар қоралар ескіргендіктен құлауға жақын. Мұның өзі жаңадан мал қораларын салуды үздіксіз жүргізуді талап етеді. Рас, колхозда 2 мың бастық қой қорасы салынууда. Малшылар үшін төрт бөлмелі үй құрылысы мен мөшпа да салынып жатыр. Бірақ, бұл құрылыс жұмыстарының басталғанына быыл екінші жыл. Колхоз басшыларының құрылыс жұмысына осы сыяқты жетекшілік бөлмеулері салдарынан бұл қоралардың құрылысы быыл да аяқталмай қалу хауы бар.

Мал қыстатуға әзірліктің екінші бір түрі — қоғамдық малды жемшөппен толық қамтамасыз ету. Колхозда бұл жөніндегі жоспар орындалған жоқ. Көзіріт уақытта колхозда егін жыйнау жұмысы аяқталды. Мұның өзі шөп шабуды кеңінен өрістетуге толық жағдай жасатады. Шабындық жерлер де көп. Амаз қанша, колхоз басшылары бұл жұмысты ескермей келеді.

Мұнда қоралар қасына мал азығын тасу ісінде елеулі кемшіліктер бар.

Бұл колхоз қоғамдық мал басын көбейтуде өткен жылға қарағанда быыл зор табыстарға ие болды. Бұл сүйсінерлік іс. Енді қол жеткен табысты баянды ету үшін мал қыстатуға әзірліктегі кемшіліктерді дереу жою керек. Сонда ғана мал қыстатуды ұйымшылдықпен өткізіп, келесі жылы колхозда мал шаруашылығын өркендетуде орасан зор табысқа жетуге болатын.

**Ж. СЕЙІТБЕКОВ.**

### Шөп шабу әлі жүргізілуде

Чапаев атындағы МТС-тің алдыңғы қатарлы механизматорлары быыл қоғамдық шөп шабу жұмыстарында айтар-



Мамлют совхозында малазығындық капуста көптеп өсіріледі. Суретте: Қазақтың мал азығы институтының ғылыми қызметкері К. Кап мен совхоздың зоотехнигі В. Абрамов жолдасар мал азығындық капустаның шығымдылығын байқап жүр.

## Біздің мал қыстатуға әзірлігіміз

Біздің колхоздың колхозшылары мал шаруашылығын жедел өркендетіп, олардан өнімді арттыру жолында қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Осы қажырлы еңбек соңғы кезде өзінің игі нәтижесін көрсетіп отыр. Колхозымызда мал басы өткен жылғымен салыстырғанда едәуір көбейіп, тұқымдық сапасы да жақсара түсті. Қазір фермалағы малшылар малды қыстатуға ерекше көңіл бөлуде. Еңалдымен, мал азығын дайындау жұмыстарын бірінші кезекке қойып отыр. Мал азығын әзірлеуде қолда бар мүмкіншілікті сарқылмай пайдаланып келеміз. Шөп шабу жұмысы әлі тоқтатылған жоқ. Пішпенділер күн сайын 35—40 гектар шабындықтың шөбін шауып, өнімді еңбек етіп келеді. Шөп шабуда екі кеңалымды, трактормен жүретін агрегат үздіксіз жұмыс істейді. Тек көзіріт өзінде ғана 13500 центнер шөп маяланды. Шабынған шөп мал қораларының жанына тасылуда.

Қыс айларында, әсересе, сауын сыйырларды азықтандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Олардың жүтімін жақсартып өнімділігін арттыра түсу мақсатымен 4500 центнер шөп сүрленді. Мұның өзін әрбір сауын сыйырма бөлгенде 40 центнерден келеді. Біз сүрленген азықтың сапасына жете көңіл аудардық. Сондықтан мал азығын сүрлеуге табиғи шөптен басқа жүгері мен күнбағыс кеңінен пайдаланылды. Алайда, тек сүрленген шөпті, ірі сабақты пішенді сауын сыйырларға беру — оның сүт беру өнімін арттыра қой-

Орылған аңыздардағы егіннің сабаңдарын тасуды да үлгілі ұйымдастырдық. Ол үшін арнаулы 10 арба және жеткілікті мөлшерде адам күші бөлінді. Сабаң тасушылар зепосы күніне бірнеше рет қатынап, мал қораларының жанына әзірленген сабаңды дереу маялап жүр. Сабаң тасу, оны маялау жұмыстарында істеп жүрген колхозшылар қысқа дейін 30 мың центнер сабаң маялауды ұйғарып, оны орындау үшін қызу қарқынмен еңбек етуде.

Біздің колхозда жаңа мал қораларын салу көктемнің алғашқы айларынан бері қарқынды жүргізілуде. Қора салу, ескі қораларды жөндеу жұмысын басқару жыл басынан басқарма мүшесі Новиков жолдасқа тапсырылғанды. Құрылысшылар бригадасының құрамына 10 адам бөлініп берілді. Олар керекті материалдардың барлығын уақытылы жеткізіп алып, оны жаңа қораларды салуға, ескі қораларды жөндеуге жұмсады. Жаңа қора салу жұмысы мен ескі қораларды жөндеу толық аяқталды деуге болады. Быыл стандартты төл үйінің құрылысы бітті. Бұдан басқа 1000 тауықтық жаңа қора салынды.

Біз мал қыстату маусымына осылайша тыңғылықты әзірленудеміз. Колхозшылар қыс маусымын үлгілі әзірлікпен қарсы алып, оны ұйымдасқан түрде өткізеді. Сөйтіп, келесі жылы колхозда қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің негізгі шарасын жүзеге асырады.

## Полудень ауданында

Мемлекетке 8900 центнер сүт сатты

Ауданның колхоздары мемлекетке сүт тапсырудың жоспарын мерзімінен бұрын орындап, бұл күндері мемлекетке сүт сатуда. Колхоздар осы жылдың өткен 8 айы ішінде мемлекетке 8900 центнер сүт сатты.

«Прогресс» колхозы ауданда бірінші болып сүт тапсыру жоспарын орындап, мемлекетке 730 центнер сүт сатты. Сол сыяқты, Ворошилов атындағы колхоздың сатқан сүті де 524 центнерден асады. Колхоздар мемлекетке сатқан сүті үшін жүк машиналарын сатып алмақ.

### Қыстың қамы үшін

«Путь к коммунизму» колхозында қоғамдық малға жылы, жайлы қоралар әзірленуде. Быыл мұнда стандартты сыйыр қорасы, шошқа қорасы, төл қора және ат қоралары салынды. Бұрынғы қоралардың барлығы жөндеуден өтіп, қысқа әзір тұр.

Колхоз көзін егін жыйнау жұмыстарын ойдағыдай аяқтап, мал қораларының қасына шөп тасуға кірісе бастады. Көзірдің өзінде 10 мың центнерден астам шөп мал қыстайтын жерлерге тасылды.

### Машиналар сатып алды

Колхоздар мемлекетке сатқан ауыл шаруашылық өнімдері үшін жүк машиналарын сатып алуда. Жуырда «Пролетарское коммуна», Ленин атындағы, Чапаев атындағы, Аманкелді атындағы, Тельман атындағы «Красный октябрь» колхоздары жүк машиналарын сатып алды. Ал, Сталин атындағы және «Прогресс» колхоздары «Победа» машинасын алды.

### Овощ дүкені

Ауданның орталығы — Полудено селосында овощ дүкені бар. Ол колхоздардан және жекелеген колхозшылардан овощтар сатып алып, оны аудан еңбекшілеріне сатады. Дүкенде капуста, алма, қыяр және басқа овощ дақылдары бар.

### Ауыспалы Қызыл Ту берілді

Ново-Георгиев МТС-нің Пресняков жолдас басқаратын трактор бригадасы социалистік жарысты кеңінен өрістетте отырып, трактор жұмысының жылдық жоспарын орындап шықты. Бригада механизаторлары 15 аттық күші бар әрбір трактормен 600 гектарға жуық жер жұмыстады. Сөйтіп, олар МТС-тің ауыспалы Қызыл Туына ие болды.

### Жоспар артығымен

орындалды

## Оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартма береміз

Біздің орта мектеп өткен оқу жылын оқу-тәрбие жұмыстарын жақсы ұйымдастыра отырып, табысты аяқтады. Өткен жылдармен салыстырғанда оқушылардың оқу үлгерімі жақсарды, класта екінші жылға қалушылардың саны азайды. Мектебіміздің онының класы 151 оқушы бітіріп, олардың ішіндегі 17 оқушы оқудағы үздік табыстары үшін алтын және күміс медальдарға ие болды. Мектеп бітірушілердің көпшілігі көзін еліміздің жоғары оқу орындарында оқып жүр.

Мектебіміз быйылғы оқу жылына да үлгілі әзірлікпен жетті. Мектеп үйі толық жөнделіп, оның оқу-материалдық базасы толықтырылды. Пан кабинеттері үшін көптеген жаңа аспаптар сатып алынды. Оқытушылар құрамы да толық. Көзір мектебімізде арнаулы білімдері мен мамандықтары бар 43 оқытушы сабақ береді. Еліміздің барлық мектептерінің сыяқты бізде де быйылғы оқу жылынан бастап ер балалар мен қыздарды бірге оқыту енгізілді. Мектепке 360 ер бала қабылдадық. Сонымен бірге, мектебімізде быйыл алғашқы рет бірінші класс ашылды. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына мұндай өзгерістердің енгізілуі біздің бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан әдістерімізді өзгертіп, жұмыс жоспарларын қайта қарауымызды талап етеді. Сондықтан біз быйылғы жұмысымызды еңалдымен осыдан бастадық.

Оқыту және тәрбие жұмыстарының табысты болуы, көбінесе оқу процесін дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Жұмысымызда ұйымшылдыққа жету үшін әрбір мәселені тыңғылықты қарап, дұрыс шешуді, ол үшін әрбір ұстазға күшімізді есеппен орналастыруды біз оқудың алғашқы күндерінен бастап қолға алдық. Мектебіміздің мұғалімдермен ерте бастан толық тырылуымен байланысты, біз оқу басталмай тұрып-ақ қай мұғалімнің қай класқа сабақ беретінін анықтап, клас жетекшілерін тағайындауға мүмкіншілік алдық. Сол сыяқты, олардың сабақ беру респонсивелері де ерте жасалды. Педагогикалық советте әрбір мұғалімнің, клас жетекшілерінің және жалпы мектептің тәрбие жоспарлары бекітілді. Ерте бастан ойланп жасалған жоспар белгілі бір шараларды өткізудің тынақты мерзімін белгілеуге, керекті жұмыстардың ұмыт қалмауына көмектеседі. Осындай дайындықтармен келуіміздің игі нәтижесі оқу жылының алғашқы күндерінен бастап-ақ көріне бастады. Оқу бірінші күннен бастап ұйымшылдықпен басталды. Біздің мектепке қарасты ауданда тұратын мектеп жасындағы балалар оқумен толық қамтылды. Бірақ, мектебіміздің оқытушылар коллективінің жұмысында қиыншылықтар мен кейбір кемшіліктер кездескен жоқ деп айтуымызға болмайды.

Ер балалар мен қыздарды бірге оқытуға байланысты мектебімізге көптеген жаңа оқушылар келді. Олар алғашқы күндерде өздерінің жаңа орындарына үйрене алмады. Сол сыяқты, оқытушылар да жа-

оқулықтар бойынша оқып, жаттап алу сыяқты зиянды әдістің орнына, теориялық сабақтармен бірге тәжірибе жұмыстарын да көптеп жүргізу бірінші кезекке қойылып отыр. Бұл оқушыларға еңбек тәрбиесін беруді жақсартып, политехникалық оқуды толық жүзеге асыруды тездетуге көмектеседі. Оқушыларға еңбек тәрбиесін беруде әртүрлі үйірмелердің жақсы жұмыс істеуі маңызды орын алады. Өткен жылы бізде мұндай үйірмелер бірнеше жақсы жұмыс істеген болатын. Мысалы, оқытушылар В. Шапошникова және А. Аксельрод жолдасар басқарған физикалық үйірме жақсы нәтижелер көрсетті. Үйірме мүшелері жүзден артық әртүрлі аспаптар жасады, сөйтіп, лабораториялық және тәжірибе жұмыстарына керекті аспаптарды толықтыруға көмектесті. Айта кету керек, үйірме жұмысына қатынасқан оқушылардың сабақ үлгерімі жоғары болды. Бұл үйірме өзінің жұмысын быйыл да жүргізе бермек.

Физика, химия ғылымдары саласындағы Отанымыздың ғылымдарының тамаша табыстарымен оқушыларды таныстырып отыру олардың бұл пәндерге ынтасын арттыра түседі. Сондықтан біз бұл тақырыптарға арналған лекция, баяндамаларды көптеп ұйымдастырмақпыз. Бұл жұмысқа оқытушылармен қатар, қала өндіріс орындарының инженер-техник қызметкерлері де қатыстырылады. Біз бұл салада өзіміздің жұмысымызды көзірдің өзінде жүргізе бастадық. Мәселен, жақында жоғары класс оқушылары үшін оқытушылар институтының оқытушысы, физика-математика ғылымының кандидаты Т. Гольштейн жолдас «Ракетадан реактивтік самолетке дейін» деген тақырыпта лекция оқыды. Лекциялар мен баяндамалар басқа пәндерден де оқылмақ.

Оқушыларға еңбек тәрбиесін беріп, олардың еңбекке деген ынталылығын арттыра беруде өнеркәсіп орындарына ұйымдастырылған эскурсиялардың маңызы өте зор. Бұл эскурсияларды біз өте жиі өткізіп отырмақпыз.

Политехникалық оқуды жүзеге асыруда біз кейбір қиыншылықтарға да кездесіп отырмыз. Арнаулы мастерқойлар ұйымдастыруға керекті аспаптар табылмайды. Сол сыяқты, лабораториялық жұмыстарға арналған аспаптар мен химиялық реактивтер жетіспейді. Бұл жағдайды қаламық оқу бөлімі мен партия, совет орындары ескеруі керек. Оқушылардың көпшілігі техникалық ауылшаруашылық оқу орындарына түсетін болғандықтан олардың мектепте оқып жүрген кезде сызу пәнінен жақсы әзірлік алулары керек. Бірақ, бұл пәнге халық ағарту орындары жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Мектептерде сызу пәніне арналған көрнекі құралдардың осы күнге дейін жетіспей отырғандығын осындай деп түсіну керек. Ал, мұның өзі сызу пәнінің жоғары дәрежеде өтілуіне кедергі келтіруде.

Оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуда мектептің көмегімен, пионер ұйымдары да



Шөп машинасының машинисті В. Ворониллов атындағы колхозда гектарға жуық шөп шапты. Көзір әкемелі кеңалымды шөп машинасы шөп шауып жүр. Шөп машинасына тырнауыштары тіркелген. Ол күн-күн оңдаған гектар жердің шөбін шақу күндіз нормасын үнемі асыра орындауда.

Сол сыяқты, кеңалымды шөп машинасының машинистері Рак және Шабанов жолдастар Маленков атындағы. Куйбышев атындағы колхоздарда шөп шауып жүр. МТС-тің қамтуындағы басқа колхоздарда да мал азығын дайындау жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде.

**В. ВАСИЛЬЕВ.**

### Мал өсірушілерге кеңес

## Картоп және овощ қалдықтары—малға құнарлы азық

Көзір облыстың колхоз, совхоздары картоп және овощ дақылдарын жыйнауға жазнап кірісті. Осыған байланысты бұл дақылдарды жыйнағанда мал шаруашылығы үшін құнарлы азық дайындау мүмкіншіліктері тууда. Колхоз, совхоз басшыларының бұл кездегі міндеттерінің бірі—картоп сабақтары мен овощ қалдықтарын ұқыпты жыйнап алу. Бұл мал шаруашылығын құнарлы азықпен қамтамасыз етуге және мал өнімін арттыруға зор мүмкіншілік жасайды.

Тамақтық және мал азығындық қызылша, капуста, сәбіз сабақтарын малға сол күйінде беруге де болады. Сондықтан көп колхоздарда бұлар жыйналады да, малдың сол күйінде жемейтін картоп тағы басқа бақша жемістерінің сабақтары жыйналмай аңызда қала береді.

Егер картоп және жеміс сабақтары кезінде жыйналып, ол сүрленген болса, мал оны ерекше сүйсіне жер еді. Өйткені, сүрленген картоп сабақтары жұмсарып, азықтық пәрі артады. Ал, бақша өсімдіктері сабақтарының ащы дәмі кетіп, иісі өзгереді де, малға ұнамды болады.

Картоптың әр гектарынан 10—15 тонна, қызылшадан 15—20 тонна, ал капуста мен сәбізден 8 тоннаға дейін қалдықтар жыйнауға болады. Міне, бұл көрсетілген цифрлар шаруашылықты ұқыпты жүргізген мыңдаған тонна мал азығын дайындап алатындығын көрсетеді. Осы есеппен бойынша облыс колхоздарында тек картоп сабақтарының өзінен 50 мың тоннадай сүрленген мал азығын дайындауға болады.

Бірақ, колхоз басшыларының бұған мен бермеуі салдарынан картоп сабақтары мен овощ жапырақтарын сүрлеу жұмысы қолға алынбай, көптеген құнарлы мал азығы шығынға ұшырауда.

Бұл дақылдар қалдығынан сүразықты сапалы етіп дайындау үшін сүрлеудің ерекшеліктерін жақсы білу керек. Бойында қант сәлі көп жемістер жақсы сүрленетіні, ал, қантты аз белогі көп жемістердің нашар сүрленетіні мәлім. Осыған байланысты жемістер оңай және қиыны сүрленетін болып екіге бөлінеді.

манды. Ол үшін бұл азықтардың үстіне қосымша 5 мың центнер концентрат әзірленді.

## Стандартты мал қорасы

Петропавл ауданының «Дүң Ленина» колхозы қоғамдық малға кең, жарық, ықпалы, жайлы қоралар әзірлеуге ерте бастан кірісті. Мал қораларын салуда арнаулы құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Колхоздың өткен жылғы мал қыстаған қоралары жай және күрделі жөндеулерден өтіп, қысқа әзір тұр.

Жақында бригада 120 бастық стан-

дартты шошқа қорасы құрылысын салуды аяқтап, пайдалануға берді. Қораның төбесі шифермен жабылып, едені асфальтталған, оның ішінде шошқа тұратын бөлек клеткалар бар.

Бұл күндері колхозда мал қыстайтын жерлерге шөп тасу жұмыстары қызу жүргізілуде.

**А. ҚАБЫЛОВ.**

Аудандағы өндіріс комбинатының коллективі еңбекшілер үшін сапалы өнім шығарып, жылдық жұмыс жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін күресуде. Комбинат коллективі 8 айлық жоспарды 140 процент етіп орындап шықты. Ал, Короткова жолдас басқаратын киім тігу цехы тапсырманы үнемі асыра орындап, комбинат бойынша алда келеді.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**  
(Өз тілшіміз).

### Жаңа клуб үйі

Октябрь ауданындағы жаңадан ұйымдастырылған Докучаев атындағы астық совхозында құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде. Совхоздың орталық усадьбасында жұмысшылар мен қызметкерлер үшін көптеген тұрғын үйлер, асхана, мейхан, емхана және басқа қоғамдық үйлер салынды. Жуырда құрылысшылар бригадасы совхоздың клуб үйін салуды аяқтады. Мұнда тұрақты кино радиостановка жұмыс істейтін болады. Сол сыяқты, Дзержинский атындағы совхозда да үлкен мектеп үйі салынуда. Мұнда спорт залы, жеке пән бөлмелері, кітапхана болады.

**Ш. КӨБДІКОВ.**

### 17 мың гектар тың

Булаев ауданының колхоз, совхоздарында жаңа жерлерді іріктеп алу жұмысын қызу қарқынмен жүргізуде. Құрамында жерге орналастырушы, топырақ қыртысын зерттеуші және агрономы бір бригаданың ауданының тың жерлерін зерттеп жүр. Олар 17 мың гектар тың және тыңайған жерлерді іріктеп алып, картаға түсірді.

Бұл күндері колхоз, совхоздарға жаңа жерлер бөлініп берілуде. Тек қана «Красное знамя», «Коминтерн» және «Новый путь» колхоздарына 7500 гектар тың және тыңайған жерлер бөлініп берілді.

### Колхоздағы құрылыстар

Калинин атындағы колхозда (Мамлют ауданы) құрылыс жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Колхоздың № 2 бригадасында шошқа қорасы және мал төлдейтін үйдің құрылысын салу жұмысы аяқталып келеді. Мұндағы бұрынғы қоралардың бәрі жөндеуден өтті. Сол сыяқты, колхоздың № 5 бригадасында астық қоймасының құрылысы аяқталып, ол пайдалануға берілді.

### Колхоз өнертапқышы

«Путь Ленина» колхозының (Соколов ауданы) колхозшысы Василий Шилев жолдас астық тазалайтын машина жасап шығарды. Онымен тәулігіне 1500 центнерге жуық астық тазартуға болады. Веяланың екі тазалағышы бар, ол мотор күшімен жұмыс істейді. Веяланы жүргізу үшін моторшыдан басқа бес адам керек.

**Агроном Н. КУЛОВСКИЙ.**

дың қаншалықты қабілеттері бар екенін жете білмеді. Мұның өзі олардың жұмыс істеуіне көп қиыншылық туғырды. Біз бұл қиыншылықтарды жеңу үшін бір-сыпыра жұмыстар істедік. Ата-аналар жыйналымы өткізіліп, онда мектептің оқушыларға, ата-аналарға қояр талабы мен ата-аналардың мектепке қандай көмек көрсете алатындығы туралы мәселе талқыланды. Мектеп комсомол ұйымы да осы мәселемен шұғылданып, жаңа оқушылармен мектебімізге тез үйреніп кетуіне көп көмек көрсетті. Көзір мектебімізде өткен жылдардағыдай сапалы тәртіп орнады.

Аралас оқыту жүргізілгендіктен физкультура сабақтарының бұрынғы программасы көзір пайдалануға келмейді. Ал, жаңа программаны әлі күнге ала алғанымыз жоқ. Сондықтан мектепте физкультура сабағының өтуі әлі өз дәрежесінде емес. Біз бұл жөнінде қалалық, облыстық оқу бөлімдеріне бірнеше рет хабарласақ та жағдай бұрынғысынан қалып келеді.

Еліміздің мектептерінегі елеулі оқылға—жаңа программалардың енгізілуі болып табылады. Жаңа программалар бойынша бұрынғыдай материалдар тек

### Комсомол-жастар лекторийі

Облыстық комсомол комитеті мен саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі қала комсомолдері мен одақта жоқ жастарды лекциялармен қамту үшін қалада 4 комсомол-жастар лекторийін ұйымдастырды. Олар Ленин атындағы клубтың, еткомбинаты клубының және пионерлер үйінің жанына ұйымдастырылды. Комсомол-жастар лекторийлерінің 300—400-дей мүшелері бар.

Ленин атындағы клубтың жанындағы құрамында 400 мүшесі бар комсомол-жастар лекторийін тораптық комсомол комитетінің секретары Бублик, ал еткомбинаты клубының жанындағы комсомол-жастар

мысын дұрыс бағытқа қойып, көрсеткен көмегін орынды пайдалана білу керек. Біздің мектептің комсомол ұйымы қаладағы ең ірі комсомол ұйымдарының бірінен саналады. Жақында оның есеппен беру-сайлау жыйналымы болып өтті. Көзір оқушылар комсомол ұйымының секретары болып және оқытушы Н. Шапкина жолдас істейді. Ал, комсомол комитетіне ең таңдаулы озат оқытушылар сайланған. Комсомол ұйымы өзінің барлық жұмысын мектебімізде оқу тәртібіне жұмыстарының жақсартылуына, оқушылардың сапалы, тәртіпті болып, сапалы білім алуларына жетісулеріне бағыт тауда.

Біздің мектеп оқытушылары өздерінің педагогикалық жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастыра отырып, бйылығы оқу жылында да айтарлықтай табысқа жетеді. Үстіміздегі жылды да жасөспірімдерді коммунизм рухында тәрбиелеп, советтік ғылымның негіздерімен тереңірек қаруландыруда жаңа табыстарға жету қызына айналады—біздің құрметті борышымыз.

**К. НАСЕДКИНА.**

Қаладағы В. И. Ленин атындағы № 1 орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі.

### Мәдени-ағарту мекемелерін қысқа әзірлеу айлығы

ҚЛЖО облыстық комитеті мен облыстық мәдениет басқармасы жақында селолық мәдени-ағарту мекемелерінің қысқа әзірлігі туралы мәселе қарап, осы жылдың октябрь айы селолық мәдени-ағарту мекемелерін қысқа әзірлеу жөніндегі комсомолдердің айлығы етіп жариялады.

Облыстық комсомол комитеті және облыстық мәдениет басқармасы аудандық комсомол комитеттері мен мәдениет бөлімдерін колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың комсомол ұйымдарын, мәдениет қызметкерлерін, комсомолдер мен жастарды ауыл-селолық мәдени-ағарту меке-

мелерін қысқа үлгілі әзірлеуге, 1954-1955 жылдың қысқы маусымында үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мәдениет ошақтарына қысқа қажетті отынды дайындап, тасып алуға жұмылдыруға міндеттеді.

Комсомолдер айлығының қорытындысын аудандық комсомол комитеттерінің бюро мәжлісінде қарап, айлыққа белсене қатысқан үздік комсомол ұйымдарын, әжекеден комсомолдер мен одақта жоқ жастарды ҚЛЖО облыстық комитетіне наградалауға ұсыну тапсырылды.

**В. ЗОРИН.**

### Колхозды деревня көркейе түсуде

«Игілік» колхозында (Совет ауданы) жыл сайын колхозшылар үшін тұрғын үйлер және қоғамдық мекемелер салынып, колхоздың орталық усадьбасы көркейіп, мәдениеті өсіп келеді. Быйыл аудан орталығынан колхозға телефон жолы тартылды.

Колхоз басқармасы құрылыс жұмысқа

рын қызу қарқынмен жүргізу үшін арнаулы құрылыс бригадасын құрған болатын. Бригада колхозшыларға бірнеше тұрғын үйлер салып берді. Мұнымен бірге, 150 бас мал тұратын бір қора салып, ескі қораларды күрделі жөндеуден өткізді.

**Д. ҚАБЫКЕЕВ.**



### Ғылыми-техникалық ынтымақ жөніндегі совет—болгар комиссиясының сессиясы туралы Мазмұндама

Осы жылғы сентябрьдің бірінші жартысында ССРО мен Болгар Халық Республикасы арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақ жөніндегі совет—болгар комиссиясының бесінші сессиясы өзінің жұмысын аяқтады.

Сессияда елдер арасында халық шаруашылығының өртүрлі салаларындағы ғылыми-техникалық тәжірибені алмасу мәселелері қаралды.

Қол қойылған протоколға сәйкес Совет Одағы 1954—1955 жылдары Болгар Халық Республикасының тамақ өнеркәсіп орындарының бір типті жобаларын, Болгарияның халық шаруашылығына қажетті ауылшаруашылық машиналары мен құралдарын жасауға, электротехникалық және басқа жабдықтар жасауға керекті техникалық документтер, қара металл прокаттың кейбір түрлерін, жеңіл және тамақ өнеркәсіп өнімдерін, медициналық препараттар өндірудің технологиялық процестерін береді. Совет Одағы сонымен қатар ССРО-ның ауыл шаруашылығы саласындағы және жеке өнеркәсіп салаларындағы табыстарымен таныстыру үшін болгар мамандарының үлкен тобын хабылдайды және өсімдіктердің зиянды жәндіктеріне қарсы күресу, мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін процестерді механикаландыру, Болгариядағы көмір шахталарын жобалау мәселелері және басқа мәселелер жөнінде консультация беру үшін Болгарияға мамандар жібереді.

Болгар Халық Республикасы, өз тарапынан, 1954—1955 жылдары Совет Одағының мамандарын Болгарияның бау шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, овощ және бақша дақылдарын өсіру, арахит пен күнжіт өсірудің агротехикасы, жемістер мен овощтарды қайта өңдеу саласындағы өндірістік тәжірибесімен және ғылыми-техникалық табыстарымен таныстырады.

Мұның үстіне, протоколда кейбір ауылшаруашылық дақылдары тұқымдарының үгілерін өзара алмасу көзделді.

### Атом проблемасы жөніндегі совет-американ келіссөздері туралы „Скынтейя“ газетінің пікірі

БУХАРЕСТ, 29 сентябрь. (СОТА). Бүгін Бухаресттің бірсыпыра газеттері өздерінің басмақалаларын атом проблемасы жөніндегі ССРО үкметі мен АҚШ үкметінің арасындағы келіссөздерге арнады.

«Скынтейя» газеті «атом қуатын бейбітшілік мақсатына пайдалану үшін» деген басмақаласында былай деп жазады: атом проблемасы жөніндегі келіссөздердің барысында ССРО және АҚШ үкметтері бір-біріне жолдаған, жарияланған документтер жаңа соғыстың хауіпін жою мақсатында Совет Одағы мен бейбітшіліктің тағдыры жөнінде асқан зор

## БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

НЬЮ-ЙОРК, 28 сентябрь. (СОТА). БҰҰ Бас Ассамблеясының кеше таңертеңгі және күндізгі пленум мәжілісінде жалпы декларацияның жалғасы болды.

Австралияның сыртқы істер министрі Кэзи өзінің сөзінде аса маңызды халықаралық проблемаларға тоқтай келіп, бірқатар халықаралық проблемалар «коммунистік державалардың бымараға келмейтін позициясы» салдарынан осы уақытқа дейін шешілмей отыр-мыс деп істің жайын бұрмалап көрсетуге тырысты. Міне, бұл тезис Австралияның сыртқы істер министрі сөзінің бүкіл сыйпатын анықтап берді. Кэзи атом қуаты жөнінде халықаралық агенттік құрудың американ жоспарын қолдады.

Кэзи сөзінің едәуір бөлегін Манила договорын мақтауға арнады, ал бұл договордың негізінде Оңтүстік-Шығыс Азияда агрессияшыл жаңа блок құрылғаны жұртқа мәлім.

Австралияның өкілі, басқа отаршыл державалардың позициясын қолдап, Индонезияның ұсынысы бойынша күн тәртібіне енгізілген Батыс Ириан туралы мәселе үшін талқыланбауын талап етті. Ол сонымен қатар Австралияның басқарушы үкмет орындарының қамқорлықтағы жаңа Гвинея мен Науру территорияларындағы әрекеттері жөнінде БҰҰ көшпелі миссияларын айтқан есеулі сыға да наразылық білдірді. Кэзи Австралия шетелдік қалыпта, мұқтаж болып отыр деп мәлімдеп, шетелдік капиталдың Австралияға көп мөлшерде түсетін болуына тілек білдірді.

Практик өкілі Джемали өзінің сөзінде ағылшын-американ мұнай компанияларының Ирак территориясында қожалық жасап отырғанын «халықаралық ынтымақ

НЬЮ-ЙОРК, 29 сентябрь. (СОТА). БҰҰ Бас Ассамблеясының 28 сентябрьдегі таңертеңгі мәжілісінде жалпы айтыс Жойынша Уругвай мен Тайландтың өкілдері сөз сөйледі.

Уругвай өкілі Гамарра өзінің сөзінің көп бөлігін БҰҰ-ның заң, әлеуметтік және экономикалық органдарының қызметін күшейту қажеттілігіне арнады және осыған байланысты ол атом қуаты жөнінде халықаралық агенттік құрудың американдық жоспарын қолдайтындығын мәлімдеді. Гамарра Хауіпсіздік Советін Гватемала үкметінің өзіне соғыс интервенция жасауына байланысты арызын қараудың бастартқаны үшін айыптады. (Бұрын мәлім болғанындай Гватемала үкметінің агрессорлар жөніндегі арызы Хауіпсіздік Советінде Курама Штаттар басқарған бір топ елдердің әрекетінен қабылдамай тасталып отырғаны болатын; Совет Одағының өкілі Гватемала үкметі арызының Советте қаралуын талап еткен болатын).

Уругвай өкілі былай деп мәлімдеді: оның делегациясы БҰҰ-ның қарауына халықтардың ұлттық тәуелсіздік күресіне байланысты мәселе ұсынып отырған делегацияларды қолдайды.

Тайланд өкілі Ван Вайтхакон былай

тың тамаша үлгісі» ретінде көрсетуге тырысты.

Практик өкілі былай деді: Тунис пен Мароккодағы шиеленістің негізгі себебі тунистіктер мен мароккалықтардың «ұлттық талаптарын танығысы келмей отырған» Франция үкметінің бұл мәселеге көзқарасы болып табылады.

Филиппин делегаты Ромуло БҰҰ жұмысының «тиімсіз екендігі» туралы мәселені және осыған байланысты оның ұставын қайта қарау туралы мәселені өз сөзінің басты тақырыбы етті. Ол БҰҰ ұставын қайта қарау қажеттігін «дәлелдейтін» бүкіл сөзін атом қаруы заманында БҰҰ «тым осал шыны ыдысқа» бейбітшілік пен хауіпсіздікті қолдау жөніндегі негізгі міндеттерін орындай алмайтын ұйымға айналдығымыс дегенді айтумен тындырды.

Таңертеңгі мәжілістің соңында шығыс сөйлеген Колумбияның өкілі Уррутиа БҰҰ-ның бұған дейінгі жұмысын айыптады, өйткені БҰҰ, оның пікірінше нашар өркендеген елдерге экономикалық көмек көрсетудің шұғыл мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлмей келді.

Голландияның өкілі, сыртқы істер министрі Луис сөзінің едәуір бөлегін нашар өркендеген елдерге экономикалық көмек көрсету мәселесіне арнады. Ол БҰҰ жанында экономикалық өркендеуге көмектесетін арнаулы қор жасауды жақтап пікір айтты. Луис Бас Ассамблеяның IX сессиясының күн тәртібіне Батыс Иран мәселесін енгізуге байланысты наразылық білдіріп, бұл мәселе Ассамблея үшін «заянды» болып табылады деп мәлімдеді.

Луис атом қуаты туралы мәселенің күн тәртібіне енгізілгені жөнінде қанағаттанатынын білдірді.

деп көрсетпек болды. Ол мұндай желісім «БҰҰ Уставына сәйкес» және оны қолдау керек деп мәлімдеді. Мунро күн тәртібіне отарлы державаларға қарсы бағытталған шараларды енгізу «күдікті және хауіпті іс» деп атады, мұны ол басқа мемлекеттердің ішкі істеріне «қол сұғу» деп есептейді. Жаңа Зеландияның өкілі атом қуаты жөнінде халықаралық агенттік құру туралы американдық ұсынысты қолдайтындығын айтты. Мунро сөзінің қорытындысында ССРО мен ҚХР-дің капиталистік елдермен бейбіт өмір сүруге шын ұмтылушылығын қаралауға тырысты.

Пакістан делегаты сыртқы істер министрі Зафрулла-хан өзінің сөзінде Ассамблеяның назарын отар елдер халықтарының тәуелсіздікке ұмтылу талабының өсіп отырғандығына аударды. Сонымен қатар ол бұл халықтарға «бостандық беруден бастартудың онан әрі болып отырғандығы» бейбітшілік пен хауіпсіздікке зор хауіп тудыратындығын айтты. Пакістан өкілі атом қаруын шығаруға бақылау қою және қарусыздану жөніндегі мәселе сыяқты маңызды халықаралық мәселеде ұлы державалар арасында бір-ауыздылықтың болмауын атап көрсетті.

### ВАЛЬТЕР УЛЬБРИХТІҢ САЙЛАУШЫ ШАРУАЛАР АЛДЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕУІ

БЕРЛИН, 30 сентябрь. (СОТА). «Неезе дейчланд» газетінің хабарына қарағанда, ГВСП Орталық Комитетінің бірінші сессиялары және Герман Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары В. Ульбрихт Жейтциг округіндегі Квин жауымдығының сайлаушы-шаруалары алдында сөз сөйлеген.

ГДР-дегі шаруалардың жағдайы туралы айта келіп, В. Ульбрихт Герман Демократиялық Республикасы жұмысын табының шаруаларға зор көмек көрсетіп отырғанын атап айтқан.

1949 жылы, деген В. Ульбрихт, республиканың МТС-періндегі трактор паркінде 8571 трактор болған еді, ал, 1953 жылы тракторлардың саны 23.042-ге дейін көбейді.

Шаруаларға, әсіресе көлік ісінде зор көмек көрсетілді. Құрылыс программасына сәйкес еңбекші шаруаларға 1954 жылға дейін жалпы алғанда 913 миллион марка қаржы берілді. Мемлекеттің қолдауымен деревняларда көптеген балалар-бақшалары мектептер, мәдениет үйлері салынды.

Герман Демократиялық Республикасында ауылшаруашылық өндіріс кооперативтерін қуру, деген В. Ульбрихт, зор табыс болып табылады. Кәзіргі уақытта республикада ауылшаруашылық өндіріс кооперативтеріне біріккен 150 мыңға жуық шаруалар пайдалы жердің 13 проценттен астамын өңдеуде.

Вальтер Ульбрихт соңғы жылдары республикада дәнді дақылдар мен қант қызылшасының шығымдылығының артқанын, сонымен қатар мал санының едәуір көбейгенін атап көрсеткен.

### НЕРУДЫҢ СӨЗ СӨЙЛЕУІ

ДЕЛИ 30 сентябрь. (СОТА). Дели радиосының хабарына қарағанда, кеше парламенттің сыртқы саясат мәселелері жөніндегі айтысын ашып, Индияның премьер-министрі былай деп мәлімдеген. Қытай Халық Республикасын барлық ел түгел танығанына Қытай Шығыстағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы проблемалар реттелмейбейді. Неру Қытай Халық Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдауды жақтап пікір айтқан.

Қытай Шығыс елдерінің қорғанысын ұйымдастыру жөнінде айта келіп, Неру Манила договорының кәзіргі бар шиеленістер мен абыржушылықтарды тек күшейте түскенін атап көрсеткен. Женевада қол қойылған келісімдердің нәтижесінде болған жақсы атмосфера Маниладағы договорға қол қоюдың нәтижесінде едәуір нашарлай түсті.

Неру үзілі-кесілді былай деп мәлім деді:

Өзіміз қол қоймаған договордың бізге ешқандай керекі жоқ, біз өзімізді онымен байланысты деп есептемейміз.

### ИНДОНЕЗИЯ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗАРА ҰНТЫМАҚ-ТАСУЫН ЖАҚТАУДА

## Ағылшын лейбористік партиясының конференциясында

СКАРБОРО, 30 сентябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Лейбористік партия конференциясының кеше таңертеңгі мәжілісінде отарлар жөніндегі ағылшын саясатының мәселелері бойынша жарыссөз басталды. Жарыссөз атқару комитетінің мүшесі Скеффингтон сөзімен басталып, ол конференцияның талқылауына отар мәселесіндегі саясат туралы атқару комитеті жазылған мәлімдемені ұсынды. Бұл шұбаландық документте былай делінген: «лейбористік партияның отарлар жөніндегі саясатының мақсаты—олардың демократиялық негізінде өзін-өзі басқаруға жетуіне мүмкіндік беру». Бірақ бұл мақсатқа жетудің практикалық шаралары жөнінде өзін-өзі басқару шартын беру мерзімін белгілеу үшін үкметпен «әрбір территорияның жауапты басшылары» арасында келіссөздер жүргізу, соның өзінде тек «әрбір территорияның дамуы бұған мүмкіндік беретін болса» ғана келіссөздер жүргізу қажеттігі туралы кеңеске мәлімдеме ғана жасалған.

«Отарларда кедейлік және артта қалушылық бұрынғысынан кең өріс алып отыр» деп мәлімдеме мойындалған, соның өзінде мұны «табиғи себептермен» түсіндіруге әрекет жасалған. Ал, оның бер жағында бұл документтердің авторлары «Англияның осы территориялардан орасан көп табыс алып отырғанын» мойындаған.

Лейбористік партия отарлардың белгілі проблемаларына қолданып отырған принциптерді белгілейтін мәлімдеменің қорытынды бөлегінде былай деп жарияланған: ағылшын әскерлерінің Малаядағы ұлт-азаттық қозғалысын басып тұншықтыруын қолдау, бұл қозғалыс мәлімдемеде «коммунистік терроризм» деп аталған; Алтын Жағалау және Ишерия отарларындағы өзін-өзі басқару ретінде мақұлдау;

### Отто Ионның мәлімдемесі

БЕРЛИН, 30 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Батыс Германияның «конституцияны қорғау жөніндегі федералдық ведомствосының» бұрынғы басшысы доктор Отто Ион өзінің Герман Демократиялық Республикасына өтуіне байланысты жуырда Бонн бундестагында болған айтыстар жөнінде мәлімдеме жасаған.

Доктор Ион өзінің мәлімдемесінде былай деп атап көрсеткен: айтыстың барысының өзі, сондай-ақ Бонн канцлері Аденауэрдің бұл айтыстан кейін іле-шала жасалған әрекеттері, атап айтқанда, «европалық қорғаныс бірлестігі» күйрегеннен кейін бундестагта сыртқы саясат туралы айтыс өткізуден Аденауэрдің бастартуы Аденауэр саясатының салдарынан Бонн республикасының ауыр кризис жағдайына душар болғанын көрсетеді.

Бонндық Үкмет партияларының өкілдері, деп атап көрсеткен доктор Ион сондай-ақ «оппозицияның» өкілдері де

Шығыс және Орталық Африкада ағылшын үстемдігін сақтау; ағылшын әскерлерінің Кениядағы ұлт-азаттық қозғалысын басып тұншықтыру жөніндегі (мәлімдемеде «азанды» деп аталып отырған) жазалау әрекеттерін қолдану.

Өртүрлі ұйымдар отарлардағы жағдайға қарсы барлығы 26 қарар мен түзетулер енгізген. Бірақ, ұйымдастыру комитетінің қарары бойынша, конференцияның талқылауына тек алғашқы жазылған екі қарар ғана енгізіліп, қалғандары бір жыйындық қарарға және оған жасалған бір түзетуге біріктірілген.

Конференцияда талқыланған үш қарардың ішінде ағылшын өкмет орындары жүргізіп отырған отарлық қанау саясаты «жалпыға бірдей бейбітшілікке төнген қатер болып табылады», деп атап көрсеткен Шығыс Харроу қарары делегаттардың ең зор ырысына тудырды. Бұл қарар ағылшын отарларынан «барлық ағылшын әскерлерін тезінен әкетуді» талап еткен.

Өрістетген жарыссөздің барысында делегаттар атқару комитетінің отар мәселесіндегі саясат туралы мәлімдемесін, оның Малая мен Кениядағы ұлт-азаттық қозғалысына тұншықтық көзқарасын сынады. Кейбір асерлік ұйымдардың өкілдері ағылшын отарларындағы нәсілдік кемсітушіліктің тыйылуын, ағылшын әскерлерінің Малаядан, Кениядан және басқа отарлардан әкетілуін талап етті.

Атқару комитетінің қысым жасауымен конференция әскерлерді әкету туралы азарды қабылдамай тастады, ал, түзетулердің авторлары бұл қарарды алып тастауға келісті. Қалған қарарлар атқару комитетінің қарауына берілді.

Конференция ұлт мәселесіндегі саясат туралы мәлімдеме текстің бекітті және Кипр жөнінде төтенше қарар қабылдады.

жөк. Осыған байланысты ол былай деп көрсеткен: Аденауэр үкметі тікелей жүргізіп отырған американдық «күш жұмсау саясаты» және атап айтқанда, американ саясатшылары мен гитлершіл генералдар талап етіп отырған Батыс Германияны қаруландыру әрекеті бір кезде Европада Гитлердің көздеген мақсаттарын көздеуде. Бундестагта «Ионның ісі» жөнінде болған айтыстар, делінген мәлімдемеде, бізде болып отырған соғысқа қарсы күресу ісін, Германияны қайта қосу жолында күресу үшін менің Герман Демократиялық Республикасын өтуге ұйғарған пікірімнің дұрыстығын дәлелдейді.

Доктор Ион Батыс Германияға «Шығыстан төніп отыр» деп гитлершіл генералдар айтып отырған ешқандай хауіп болмай отырсы да, Аденауэр «федералдық республиканы қаруландыру үшін Германияны қайта қосу ісін қатуға азір отыр» деп өзінің мәлімдемесінде атап көрсеткен. Мәлімдеменің қорытындысына



ші келе жатқандығын айқын дәлелдейді.

Келісімге қатысушы мемлекеттердің атом, сутегі қаруын және жашай қырыш — жоятын басқа қаруларды қолданбау жөнінде өзіне салтанатты түрде және ешбір ескертпесіз міндеттеме алуы туралы сөз бет ұсынысын қабылдау, деп жазады газет, жашай қырыш-жоятын қаруға толығынан тыйым салу жолындағы алғашқы қадам болар еді. Барлық атом қорларын бейбітшілік мақсатында пайдалануға жол ашар еді. Бұл адамзатты атом соғысының қауіпінен құтқару жолындағы үлкен қадам болар еді. Бұл халықаралық шиеленісті бәсеңдету және бейбітшілікті нығайту ісіндегі едәуір алға басқандық болып табылар еді.

СРО мен АҚШ-тың арасындағы дипломатиялық келіссөздер, дейді онан әрі газет, мұндай келісімнің жасалуына Құрама Штаттардың шамасынан келгенінше қарсыласуда екенін көрсетеді. Совет Одағымен бірге бүкіл адамзат қанан екі жақ үшін де қабылдауға болатын және бейбітшілік ісі үшін пайдалы келісім жасалғанға дейін атом проблемасы жөніндегі келіссөздердің жүргізіле беруін талап етеді.

### «ПРЕЗИДЕНТ ГОТВАЛЬД» КЕМЕСІНІҢ ТЕҢІЗШІЛЕРІ СЕМЬЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗЫЛ КРЕСТ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛИГАСЫНА ТЕЛЕГРАММАСЫ

ВАРШАВА, 29 сентябрь. (СОТА). Бұдан алты ай бұрын чанкайшилік қарақшылар басып алған Поляктің «Президент Готвальд» деген сауда кемесі теңізшілерінің семьялары қызыл крест қоғамдарының халықаралық лигасына телеграмма жіберіп, онда теңізшілерді чанкайшилік тұтқыннан босатуға көмек көрсетуді өтініді.

«Біз, «Президент Готвальд» кемесі теңізшілерінің семьялары, — делінген телеграммада, — сіздерден алты ай бойыча Тайваньда тұтқынды отырған біздің балаларымызды, әкелерімізді, ерлеріміз бен туыстарымызды босатуға көмектесуді сұраймыз. Өздерінің бейбіт міндеттерін атқарып жүрген кезде олар тұтқынға алынып, туған еліне өздерінің семьяларына қайтып келуге мүмкіншіліктен айырылды. Біз гуманизм атымен сіздерді біздің жақын адамдарымызды босатуға көмек көрсетуге шақырамыз».

### ЛОНДОН КЕМЕ ЖӨНДЕУ ВЕРФТЕРІНДЕГІ ЕРЕУІЛ

ЛОНДОН, 29 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Лондон портының кеме жөндеу верфтерінің 8 мың жұмысшысының ереуілі салдарынан 100-ге жуық кемеде жөндеу жұмыстары тоқтатылған.

Кәсіподақ басшылары өздерінің ереуілді толық қолдайтындығын хабарлаған.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

дәді. Аяндағы бейбітшілікке «жөмүйе» тік агрессия» қауіп тудырып, отыр-мыс. Ол Индо-Қытайдағы мәселенің реттелуі «тек уақытша» болып табылады деп мәлімдеді. Тайланд өкілі өз сөзінің біраз бөлегін АҚШ-тың инициативасы бойынша құрылып жатқан агрессиялық блоктар мен пактыларды мақтауға арнады.

БҰҰ Бас Асамблеясының күндізгі мәжілісінде Жаңа Зеландия мен Пакістанның өкілдері сөз сөйледі.

Жаңа Зеландияның өкілі Мурро Манилл дөговорын «таза қорғаныстық шара»

### Батыс Германияны қаруландыру жоспарларына қарсы

БРИССЕЛЬ, 30 сентябрь. (СОТА). Бельгия жұртшылығының қалың топтары герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларына қарсы наразылық білдіруде.

«Драпо руж» газеті бүгін Бельгия Коммунистік партиясының бас секретары Эдгар Лалманның Лондондағы кеңеске қатысушы Бельгияның сыртқы істер министрі Спаакқа жолдаған телеграммасын жариялады. Телеграммада былай делінген, «Бельгия коммунистерінің және біздің елімізде бейбітшілікті шын ниетімен тілеп отырғандардың бәрінің атынан біз сіздің Бельгияны герман милитаризмін қайта тудыруға бағытталған және соғыс қауіпін күшейте түсетін келісімдермен байланыстырмауыңызды талап етеміз».

Бейбітшілікті жақтаушылар ұйымдарының бейбітшіліктің әртүрлі бағыттағы жақтаушыларын католиктерді, социалистерді, коммунистерді және басқаларды біріктіріп отырған бельгиялық байланыс комитеті Бельгияның премьер-министрі Ван Алерге жазылған хатты баспасөзге жариялау үшін таратты. Европалық қор-

ғафулла-хан өзінің тұмаңды сөздерімен Пакістанның тұйықталған соғыс топтарына кіріп отырғандығын ақтауға тырысып былай деп мәлімдеді: бұл оның көршілеріне ешқандай қауіп тудырмайды.

Пакістан өкілі нашар дамыған елдерге экономикалық көмекті ұлғайтуға шақырды. Мұны ол бұл елдердегі «тәртіпсіздікті» болдырмау және олардың «қорғанысын» қамтамасыз ету қажеттілігімен дәлелдеді. Зафулла-хан атом қуаты жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы американдық ұсынысты қолдады.

ғаныс бірлестігі күйрегеннен кейін, делінген хатта, қарулану проблемасын қайта қарау жөніндегі кеңес халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге көмектесетін болуға тиіс еді. Ал Германияны қаруландыру герман милитаристерінің территорияларын басып алу талаптарын күшпен нығайтуына мүмкіндік берген болар еді.

Батыс Германияны «Бриссель шартына» қатыстыру, деп атап көрсетілген хатта, оның сайып келгенде бақылаусыз қарулану правосын қамтамасыз еткен болар еді, ал Германияны қаруландыру төрт ұлы держава арасында келісімге жетуді қиындатау, Европаның барлық халықтарының қауіпсіздігін ұйымдастыруға кедергі болады.

Хаттың қорытындысында үкмет Лондон кеңесіндегі Бельгия өкілдерінің Батыс Германияны қандай формада болса да қаруландыруға қарсылық білдіруіне және Европаның барлық халықтарын қамтитын коллективтік қауіпсіздік системасы туралы мәселені зерттеуіне уәкілдік берсін деген талап қойылған.

### Батыс Германияны қайта қаруландыру мәселесі жөніндегі Лондон кеңесі

ЛОНДОН, 29 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, 29 сентябрьде 9 ел сыртқы істер министрлерінің Батыс Германияны қайта қаруандыру мәселесі жөніндегі кеңесі онан әрі жүргізілді.

Таңертеңгі мәжіліс басталардың алдына Мендес-Франс пен Аденауэрдің арасында келіссөз болды. Кейін былай деп мәлімделді: келіссөздер онан әрі жүргізіледі.

Бүгін Мендес-Франс кеңеске қатысушыларға меморандум таспырды, онда Батыс Германияны қайта қаруландыру жөніндегі өзі ұсынған жоспар түсіндірілген. 28 сентябрьде Англия, Франция, АҚШ және Батыс Германия өкілдерінен Батыс

Германияның «суверенитеті» жөніндегі мәселені талқылау үшін құрылған комитет бүгін өзінің жұмысын онан әрі жүргізді.

Бүгін Лондон кеңесіне қатысып отырған төрт держава сыртқы істер министрлерінің екінші мәжілісі алдында Мендес-Франс пен Даллестің арасында келіссөз жүргізілді.

ЛОНДОН, 28 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі былай деп хабарлайды: Бүгін Лондонда Даллес, Иден, Мендес-Франс және Аденауэрдің арасында Батыс Германияның «суверенитеті» жөніндегі мәселе бойынша келіссөз жүргізілген.

### Боливия шаруаларының жер үшін күресі

МОНТЕВИДЕО, 29 сентябрь. (СОТА). Монтевидео радиосының хабар еткеніндей, Кауполиканд (Боливия) өздеріне жер бөліп беруді талап еткен шаруалардың толқушылығы болған. Өкмет орындары

шаруалар қозғалысын басу үшін Кауполикандқа әскер жіберген. Солдаттар мен шаруалардың соқтығысы салдарынан алғандар және жараланғандар бар.

ДЖАКАРТА, 29 сентябрь. (СОТА). Индонезия баспасөзі Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының қауіпсіздігі мәселелеріне зор көңіл бөледі. «Мердека» және басқа газеттер Неру — Састроамид-жойо келіссөздері, сол сияқты, У. Ну — Састроамид-жойо келіссөздері Азия халықтарының бірлігін жасау ісінде маңызды роль атқарады деп есептейді.

Газеттер Индонезияның ұлттық партиясының председатели Сидик Джойосукартонның мәлімдемесін жариялады, онда былай делінген: «үкметті ұлттық партия басқарып отырған уақытта Индонезия соғысқа арадатуға әкеліп соғатын ешқандай блокке де қатыспайды. Индонезия бұдан былай да бейбітшілік мүдделерін көздеп, тәуелсіз белсенді саясат жүргізетін болады».

Джойосукарто «бейбітшілікке елеулі қатер» болып табылатын Оңтүстік-Шығыс Азияның соғыс блогын құру туралы договорды батыл сынады.

Индонезия Коммунистік партиясының бас секретары Айдиттің баспасөзде жарияланған мәлімдемесінде Неру — Чжоу Эн-лайдың бірлесіп жасаған мәлімдемесіндегі бес принципті қуаттаушылар барған сайын көбейіп отырғаны, өйткені бұл принциптер бейбітшілікке бағытталғандығы деп атап көрсетілген.

Айдит Састроамиджойоның Дели мен Рангунға баруының маңызы зор екенін атап айтқан.

Петропавлдың нан комбинатына өндірісте істеу үшін жұмысшылар, қочегарлар, жүк тиеушілер, үй сыпырушылар КЕРЕК.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 61-үй, кадр бөлімі.

«Главмука» завод басқармасына құрылысшы жұмысшылар, бетоншылар, ағаш шеберлері, балғашы КЕРЕК.

«Казгласовхозснабженненің» облыстық бөлімшесі мүліктерді қайта қаттауға алу ісі жүргізілуге байланысты, октябрьдің 1-нен 5-не дейін, бөлімше қоймаларынан ешқандай товарлар мен материалдар босатылмағандығын Қазақ ССР совхоздар министрлігі совхоздарының, мектептері мен техникумдарының есіне салады.

Петропавлдың сауда-кооператив мектебінің оқушылары үшін пәтер КЕРЕК. Пәтерақы келісім бойынша төленеді.

АДРЕС: Петренев көшесі, 64-үй.

Петропавлдың темекі фабрикасына түпкілікті жұмысқа секретарь-машинистка, үй сыпырушы, ағаш шеберлері және жұмысшылар КЕРЕК.

«немес халқының ең түбірлі өмірлік мәселелеріне — Батыс Германияны қайта құру проблемасына және оны қайта құрудандырудың қауіпті екеніне» тоқталған

### Чилидегі төтенше жағдайдың енгізілуіне қарсы наразылықтар

БУЭНОС-АЙРЕС, 29 сентябрь. (СОТА). Чилидің «Эль Сигло» газетінің хабары бойынша, Чилиді қоршау жағдайының енгізілуі Чили жұртшылығының батыл наразылық білдіруін туғызған. Көптеген сенаторлар мен конгресс депутаттары, «асяси партиялар, кәсіподақ ұйымдары демократиялық бостандықтарды тұншықтыруға, еңбекшілердің өз правосарын қорғау жолындағы қозғалысына қарсы бағытталған төтенше жағдайды жою үшін күресуде».

Демократиялық бостандықтар азаматтардың правосарын қорғау үшін демократиялық күштердің кең майданы құрылды, оның құрамына халықтық-социали-

тон Герман проблемасын бейбітшілікпен шешу мақсатымен Шығыс және Батыс Германия өкілдерінің арасында негүрлі тез келісімге жетуге шақырған.

тік еңбек партиясы халықтық-демократиялық партия, демократиялық партия, социалистік партия, халық майданы, социал-шаруалар федерациясы (ұлттық фалангы, консервативтік партия және ұлттық-шаруалар қозғалысы), Чили еңбекшілерінің бірнеше кәсіподақ орталығы және Чилидің студенттер федерациясы кірді.

Партиялар мен ұйымдар өкілдерінің демократиялық күштердің майданын құру туралы мәселе жөніндегі кеңесінде қарар қабылданды, онда қоршаудағы жағдайдың енгізілуіне қарсы наразылық білдірілді және оны дереу жою талап етілген.

### ГОМИНДАНДЫҚ САМОЛЕТТЕРДІҢ ҚАРАҚШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ

ПЕКИН, 30 сентябрь. (СОТА). Синхуа агенттігінің хабарына қарағанда, өткен үш күн ішінде, 27 сентябрьді қоса есептегенде, чанкайшилік самолеттердің Фуцзянь провинциясындағы Қытайдың жағалау аудандарына жасаған шабуылы кезінде үш адам өлген және екі адам жараланған. 6 балық кемесі суға батырылған.

Халық-азаттық армиясы бөлімдерінің зениттік артиллериясы гоминдандық 3 самолетті атып түсірген немесе зиянпазған.

Редактор **Г. МУХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК», кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ», кинотеатрында

«КҮТ МЕНІ»

Сеанстар кешкі сағат 8-30 және 10-30-да басталады.

Петропавлдың совхоздар құрылысына тез арада облыстың жаңа совхоздарында құрылыс жұмыстарында істеу үшін штукатурлар, пеш салушылар, айнек қоюшылар керек.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 25-үй, кадр бөлімі.

Облыстық жергілікті жабдықтау және өткізу мекемесіне қойма меңгерушісі керек. Еңбенақы смета бойынша төленеді.

Жұмысқа кіремін деушілер Петропавл қаласы, Совет көшесі, 92-үйге, қызмет уақытында келіп түсінік алуларына болады.

Базар басқармасына түпкілікті жұмысқа шоферлар және слесарьлар КЕРЕК.

«Главмашбытқа» аға товаровед, трактор және автомобильдердің ұсақ бөлшектерін білетін секция меңгерушілері, товароведтер, есепшілер, жүк тиеушілер, шоферлар керек.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 96-үй.

Петропавлдың спирт комбинатына жұмысшылар, жүк тиеушілер және қочегарлар керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде комбинаттың кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

Орталық жылыту электр станциясына жүк тиеушілер және жұмысшылар керек.

Жұмыс бабы жөнінде кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.